10- сыныптағы «Тіл мәдениеті» элективті курсы бағдарламасы білім алушылардың оқу сауаттылықтарын қалыптастыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды өзіне үйлесімді үйлестіруге, кез келген өмірлік жағдайларда функционалдық сауаттылығы мен бәсекелестік қабілетін көрсетуге бағыттау. Мәтіннің ортақ идеясын анықтау, мәтін құрылымынан элементтерді анықтап көрсету.

«Цифрлық жүйелер» элективті курсы бағдарламасы ақпараттық қоғамда өмірге бейімделген тұлғаны қалыптастыру негізінде, өмір мен өндірістің түрлі салаларына заманауи цифрлық технологияларды енгізу.

11 сыныптағы «Биохимия» элективті курсы бағдарламасы биология саласының негізі болып табылады. Білім алушылардың биохимия қызметінің мүмкіндіктері мен сондай-ақ оның зерттейтін саласымен таныстыру. Биохимия ғылымының теорияларын, заңдарын, заңдылықтарын, ұғымдар жүйесін меңгерген өз білімін тиімді қолдана алатын сауатты тұлға дайындау.

Бағаланатын кезеңдегі вариативтік курстардың кестесі:

<https://cloud.mail.ru/public/AFB8/TmPdLCTDk>

2024-2025 оқу жылы

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен»);

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты дамытуға бағытталған «Математика және логика» курсы оқуға 1,2,3,4- сыныптарда аптасына 1 сағаттан , 2-сыныпта «Қызықты грамматика» курсы оқуға аптасына 1сағат берілді

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсы оқуға бөлініп, 5-8 сыныптарда аптасына 0,5 сағаттан, 9-сынып – аптасына 1 сағаттан оқиды .

10-11сыныптар "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығының 132-қосымшасына сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша жаратылыстану-математикалық бағытта оқиды. «Жаһандық күзіреттіліктер» аясында 10-11-сыныптарда бір сағаттан оқиды, 10-11 сыныптарда «Тіл мәдениеті» курсына аптасына бір сағаттан, 10-сыныпта «Күрделі есептер шығару» курсына 1 сағат, 11-сыныпта «Ұлы саяхатшылар» курсына бір сағат вариативтік компоненттен берілді.

Вариативтік білім компоненттерінің сағаттары бастауыш сыныптан бастап бірізділік, үздіксіздік принциптеріне сүйене отырып және «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып жұмыс оқу жоспарына енгізілді.

Жұмыс оқу жоспарында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқыту қазақ тілінде жүретін жаңартылған білім берудің үлгілік оқу жоспарларына негізделген инварианттық компоненті толық сақталған.

Жұмыс оқу жоспарында оқушылардың талап-тілектері, мектептің материалдық-техникалық базасы, мұғалімдердің кәсіби және шығармашылық мүмкіндіктері толық ескерілген.

Мектептің оқу жұмыс жоспарының вариативтік компоненті:

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1 сын	2 сын	3сын	4 сын		апталық	жылдық
«Қызықты грамматика»	-	1	-	-		1	34
«Математика және логика»	1	1	1	1		4	135
Вариативтік оқу жүктемесі	1	2	1	1		5	169
Жаһандық күзіреттіліктер	5 сын	6 сын	7 сын	8 сын	9 сын	апталық	жылдық
«Жаһандық күзіреттіліктер»	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
Вариативтік оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
<b>Жаһандық күзіреттіліктер</b>	<b>10 сын</b>	<b>11 сын</b>				<b>апталық</b>	<b>жылдық</b>
<b>«Жаһандық күзіреттіліктер»</b>	<b>1</b>	<b>1</b>				<b>2</b>	<b>68</b>
<b>Элективті курстар</b>	<b>2</b>	<b>2</b>				<b>4</b>	<b>136</b>
«Тіл мәдениеті»	1	1				2	68

«Күрделі есептер шығару»	1	-				1	34
«Ұлы саяхатшылар»	-	1				1	34
<b>Вариативтік оқу жүктемесі</b>	<b>3</b>	<b>3</b>				<b>6</b>	<b>204</b>

1-4 сыныптар бойынша белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтардан дайындаған «Математика және логика» курсы білім алушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастырып, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Логикалық ойлау дағдыларын дамытады. Математика ғылымы бойынша функционалдық сауаттылықтарының қалыптасуына мүмкіндік береді. Күнделікті өмірдегі математикалық есептеулер мен дағдылар дамытады.

5-9 сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы өмірдегі жаһанданудың өсіп келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие факторларға дайындау болып табылады.

Курс жаһандық азаматтылық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық мәселелердің өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Курстың мазмұны зерттеу дағдыларын дамытуды және қажетті өзекті ақпаратты іздеуді, сыни ойлау мен рефлексияны, коммуникативтік құзыреттілікті қамтиды.

Курстың белгіленген мақсаттары мен міндеттері орта білім беру мазмұнымен сабақтастық пен өзара байланысты көздейді, оқу үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде тәрбиелік контентті кеңейтеді.

«Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

- 5-8 – сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет),
- оқу жылында 17 сағат
- 9 – сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат
- 10- сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.
- 11- сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады: «Парасаттылық және әдеп», «Азаматтылық және патриотизм», «Медиа және қаржылық сауаттылық», «Өмір қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет». 9 сыныптағы «Зайырлылық және дінтану» жаһандық құзіреттілік курсы білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған.

10-11 сыныптардағы «Жаһандық құзіреттіліктер» курсы аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағатты құрап, білім алушылардың сыни ойлауын, зерттеу, коммуникация, жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу мен талдау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

10-сыныптағы «Күрделі есептер шығару» элективті курсы бағдарламасы химиядан алған білімдерін есептер мен жаттығулар орындау арқылы пысықтау. Білім алушылардың ой-өрісін дамытып, тәжірибелер жасап, қорытынды жасауға дағдыландыру. Пән аралық байланысты нығайту.

10-11 сыныптарда «Тіл мәдениеті» курсы аптасына 1 сағаттан. Курстың мақсаты білім алушылардың рухани қасиеттерін, әлеуметтік зерттеушілік дағдыларын, шығармашылық ойлау біліктілігін мәтінмен жұмыс арқылы оқу мақсаттарына қол жеткізу. Ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағыттау.

11 сыныпта «Ұлы саяхатшылар» элективті курсы материктар мен мұхиттарды зерттеуші саяхатшылардың өмірі мен қызықты да қатерлі сапарлары, ашқан жаңалықтары, қалдырған еңбектері туралы жан жақты мәліметтер алады. Жүрген жолдарын кескін картаға түсіріп, глобус, картада бағдарлауға, әр түрлі өлшем сызу жұмыстарын жүргізе отырып, сарамандық, шығармашылық тапсырмалар орындайды.

Бағаланатын кезеңдегі вариативтік курстардың кестесі:  
<https://cloud.mail.ru/public/ipdk/XSW1PnjLc>

Жұмыс оқу жоспарында оқушылардың талап-тілектері, мектептің материалдық-техникалық базасы, мұғалімдердің кәсіби және шығармашылық мүмкіндіктері толық ескерілген.

2022-2023 оқу жылының сабақ кестесі:

<https://cloud.mail.ru/public/a4nV/eV9mC7gvK>

2023-2024 оқу жылының сабақ кестесі:

<https://cloud.mail.ru/public/HNAb/FFqzCQ43f>

2024-2025 оқу жылындағы I ж.ж сабақ кестесі:

<https://cloud.mail.ru/public/m4YW/n9PvMs2bf>

Қоңырау кестелері:

<https://cloud.mail.ru/public/bfd4/ieD6vqvaQ>

<https://cloud.mail.ru/public/YG4s/MKMeG7Mdl>

<https://cloud.mail.ru/public/9its/72N31b3MD>

Сабақ кестесі мектептің бекітілген оқу жұмыс жоспарына сай құрылып, бекітіледі және "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 207 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен № ҚР ДСМ-76 5 тамыз 2021 жыл бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес жасалды. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді. Апталық оқу жүктемесі нормадан аспауында қағиданың 3-қосымшасы ескерілді. Бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушының ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескеріліп, пәндердің қиындығы бойынша саралауда ереженің 4-қосымшасы ескерілді, 5- тарау 73- тармағындағы бастауыш сыныптарда қосарланған сабақтар қойылған жоқ. Бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушының ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескерілді. 74- тармақ бойынша сабақ кестесі міндетті және факультативтік курстар үшін жеке жасалды. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтар саны аз күнге қойылуы ескерілді. Сабақ кестесі ата-аналар комитетімен келісілді (72-тармақ). 74- тармақтағы оқу жиынының салмағы 1-3 сыныптар үшін 1,5-2,0 кг, 4-5 сыныптар үшін 2,0-2,5 кг, 6-7 сыныптар үшін 3,0-3,5 кг, 8-11 сыныптар үшін 4,0-4,5 кг-нан аспауы ескерілді. Мектепалды даярлық сыныптары үшін 76 - тарау басшылыққа алынды. Сабақ кестесіндегі үзілістерді, екі ауысым арасындағы уақытты қоюда 75-тармақ ескерілді: бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін 15 минуттан екі үзіліс жасалды. Сонымен қатар әрбір сыныптар бойынша үй тапсырмасының көлемінің талапқа сәйкестілігі ескеріліп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №132 бұйрығымен

бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдары» басшылыққа алынды. 2022-2023 оқу жылынан 2024-2025 оқу жылына дейін сабақ кестелері «Bilimal» электрондық журналында бар. Сабақ кестелері I жартыжылдық, II жартыжылдық болып, 2ге бөлініп салынған. Тек, 2024-2025 оқу жылының сабақ кестесі ғана I жартыжылдыққа салынған. Себебі, II жартыжылдық басталмауына байланысты.

Аталған жұмыстар мектепшілік бақылауға алынып, жоспарлы саралау жұмыстары жүргізіледі.

#### **4.3. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игерту.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 03.04.2013 жылғы №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру өлшемшарттары бойынша жұмыс оқу жоспарындағы инвариантты компонент пәндері бойынша бағдарламаның орындалысы әр оқу жылы басталарда әдістемелік пән бірлестіктерінде оқыту бағдарламаларына сай ҰМЖ талданып, әдістемелік кеңесте мақұлданып, мектеп директорымен бекітіліп «Bilimal» автоматтандырылған басқару жүйесінің электронды журналына ендіріледі, үлгілік бағдарламада белгіленген оқу мақсаттарының орындалысы, білімнің стандарт талаптарына сәйкестілігі, апталық, тоқсандық, жылдық бағдарламаның орындалысы жыл ішінде мектепшілік бақылауда 4 рет қаралып, сараланып отырады, оқу тоқсаны сайын пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, ай сайын электронды сынып журналдары қаралады. Нәтижесінде әр оқу пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларының үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкес жасалғаны және жоспарланған барлық тақырыптардың сабақ кестесіне сәйкес өткізілгені және орындалғаны анықталды. Яғни, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 12, 13, 14, 16, 18, 20, 22, 24-тармақтары (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 25, 27, 30, 32, 35, 37-тармақтары (Негізгі орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 23, 28- тармақтары (Жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты) талаптары орындалып тұр.

2022-2023 оқу жылы Қазақ әдебиеті пәні бойынша 10- сынып 71 (-1) сағат, 5-сынып 71 (-1) сағат, 5 сынып 71 (-1) сағат, 8-сынып 107 (-1) сағат, Қазақ тілінен 8-сынып 71 (-1) сағат, 9-сынып 71 (-1) сағат

орындалмаған, Орыс тілінен 2-сынып 71 (-1) сағат, 4- сынып 71 (-1), 7 сынып 107 (-1) сағат, 8-сынып 107 (-1) сағат орындалмаған. Информатикадан 5 сынып 35 (-1) сағат орындалмаған. 2023/2024 оқу жылында жойылған. Тек, информатика пәні 5-сынып бойынша 32 (-2) сағат орындалмаған. Аталған кемшіліктер мұғалімнің журнал толтырудағы біліктілік күзiреттiлiгiнiң төмендiгiнен, жауапкершiлiгiнiң аздығынан, мектепшiлiк бақылаудың жеткiлiксiздiгiнен болған. Аталған кемшiлiктер бойынша мақсатты жұмыстар жасалып, әр мұғалiмнiң нормативтiк құжаттармен жұмыс жасау күзiреттiлiктерi бақылауға алынды. Бұл кемшiлiктер келесi 2024-2025 оқу жылында барлық пәндер бойынша оқу бағдарламаларының мазмұны МЖМБС-ның жалпы талаптарына сәйкес келедi. 1-11 сыныптардағы ҰМЖ жаңартылған бiлiм беру мазмұнының бағдарламаларына сәйкес келедi. Оқу бiлiм мазмұны оқу мақсаттарына сәйкес болуын қамтамасыз ету пән мұғалiмдерiнiң оқу процесiнде жүзеге асырылады, сондықтан үнеми қадағаланады. ТЖБ саны талапқа сай орындалған

2022-2023	2023-2024	2024-2025
11 сынып комплект бар. Орташа толымдылық 6/14	11 сынып комплект бар. Орташа толымдылық 5/14	11-сынып комплект бар. Орташа толымдылық 4/14

**4.4. Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыруда** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 5- тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3- қосымшасының 7, 12,17 - тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 4,6 -тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарын орындаудамыз.

2022/2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары  
<https://krguo.finistcom.kz/files/blogs/1729710803396.pdf>

2023/2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары  
<https://krguo.finistcom.kz/files/blogs/1729711274409.pdf>

2024/2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары  
<https://krguo.finistcom.kz/files/blogs/1729711443332.pdf>

2022/2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы  
<https://cloud.mail.ru/public/sw6K/c4yVQYnVA>

2023/2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы



<https://cloud.mail.ru/public/cFqJ/gXgN54Vrv>

2023-2024 оқу жылының қамқоршылық кеңесі

<https://cloud.mail.ru/public/mcEp/qxbowGqRd>

2023-2024 оқу жылындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар

<https://cloud.mail.ru/public/xGhe/4hfcZLET>

2023-2024 оқу жылындағы құқықбұзушылықтың алдын алу құжаттары

<https://cloud.mail.ru/public/22pi/71BDoagZn>

2023-2024 оқу жылындағы нашақорлықтың алдын алу жоспары

<https://cloud.mail.ru/public/vDff/Eg2EcfBW8>

2024/2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысының бірінші жарты жылдығының талдауы

13/1-қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/mcEp/qxbowGqRd>

<https://cloud.mail.ru/public/vDff/Eg2EcfBW8>

<https://cloud.mail.ru/public/z6nE/TrqtQ9FUQ>

<https://cloud.mail.ru/public/FR3Z/TYZuBaSNz>

<https://cloud.mail.ru/public/KLMn/u5pXyEnv2>

Мектептің тәрбие жұмысы әр оқу жылында өзінің проблемалық-бағдарлы талдауы бойынша мақсат-міндеттерін айқындай отырып жұмыс жасайды. Мектептің оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде төмендегі мемлекеттік нормативтік актілерде белгіленген нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алып жұмыс жасайды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ «Білім туралы» заңы
- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ
- 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214- ІҮ;
- Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының

- алдын алу туралы ҚР 2004 жылғы 9 шілдесіндегі №591 заңы;
- ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
  - «Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы;
  - «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілде;
  - «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қ.Р 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-ҮІ
    - «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық;
  - «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспар 2023 жыл 19.09 № 294
  - Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2-қосымшасы
  - «**2024-2025** оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік **нұсқау хат**

Әр оқу жылы басында нормативтік-жоспарлау құжаттары жинақталып, жұмыс барысында пайдаланылады. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу туралы Ереже, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі туралы Ереже, оқушылардың өзін-өзі басқаруы туралы ереже, психологиялық қызмет туралы және әлеуметтік – психологиялық қызмет туралы ереже, кәсіптік бағдар беру қызметінің жұмысы туралы ережелер басшылыққа алынып жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналар жиналыстарының, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестердің, сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің отырыстарын өткізу кестелері әзірленіп, бекітілді.

Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы басшылыққа алынды.

Сынып жетекшілер мектеп жоспары мен оқушылардың қызығушылықтары мен мұғалімнің мүмкіндіктеріне сәйкес жұмыс жоспарын жасады. Жоспарға жалпы мектепшілік іс-шаралар, сыныптың дәстүрлі іс-шаралары, сынып сағаттары енгізілді. Мектептегі тәрбие жұмыстарының жай-күйі мен нәтижелілігіне және тәрбие жұмыстары саласындағы жұмыстар тексеріліп, анықтамалары жазылып отырды.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысының белгілі бір жүйесі ұйымдастырылған. Оның құрылымына директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі,

кітапханашы, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, мектеп тәлімгері кіреді. Мектептің тәрбие жүйесі оқу-тәрбие іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған. Педагогикалық процестің маңызды құрамдас бөлігі тұлғалық-бағдарлы білім беру болып табылады, онда мектеп білім алушыларының тұлғалық қасиеттері мен өзіндік дамуы жүзеге асады. Жұмыстар бірнеше негізгі бағыттар бойынша жүргізілді.

- Құқық бұзушылықтың алдын алу;
- Аудодеструктивті және суицидтік мінез-құлықтың алдын алу;
- Жобалық іс-шаралар өткізу;
- Кәсіптік бағдар беру жұмысы;
- Білім алушыларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету.

Мектеп директорының бұйрығымен әр сыныпқа сынып жетекшілер бекітілген, әр оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарлары жүйелі жасалады.

Оқу жылының басында сынып жетекшілердің білім алушылармен жүргізетін жұмыстары мектептегі тәрбие жұмысының кешенді-мақсатты бағдарламасымен сәйкестендіріліп жасалды.

#### **2022-2023 оқу жылындағы тәрбие міндеттері:**

1. азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, тәрбиелеу, оқушылардың оқу іс-әрекетіне тұрақты ынтасын дамыту, білім беру мен өз бетінше білім алудың өмір мен қызмет үшін маңыздылығын ұғыну.
2. тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту.
3. отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу; қазақ және басқа да этностар мен Қазақстанның этностық топтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру.
4. елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.
5. тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.
6. тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.
7. әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-ана бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау.
8. балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің ролін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет

саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру.

9. балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру.

балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

10. Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу және жасөспірімдер арасындағы нашарлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеу, «қатер» тобындағы балаларды мектеп өміріне, сыныпқа, үйірмелер, секциялар сабақтарына барынша тарту.

11. Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.

### **2023-2024 оқу жылының мақсат-міндеттері**

**Мектепшілік тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы:** «Сынып жетекшілердің кәсіби шеберлігін арттыру жолдары»

**Тәрбие мақсаты:** Әр оқушының қабілеттерін анықтау және дамыту, рухани бай, еркін, дені сау, шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, берік базалық білімі бар тұлғаны қалыптастыру; жоғары адамгершілік құндылықтарға бағытталған, Абайдың «Толық адам» рухани мұра негізінде дамыған адамның ұлттық бейнесін қалыптастыру.

#### **2023-2024 оқу жылындағы тәрбие міндеттері:**

1. азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.
2. оқушылардың оқу іс-әрекетіне тұрақты ынтасын дамыту, білім беру мен өз бетінше білім алудың өмір мен қызмет үшін маңыздылығын ұғыну.
3. тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту.
4. отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу; қазақ және басқа да этностар мен Қазақстанның этностық топтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру.
5. елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.
6. тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.
7. тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық

ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.

8. әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-ана бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау.
9. балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру.
10. балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру.  
балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.
11. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу және жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеу, «қатер» тобындағы балаларды мектеп өміріне, сыныпқа, үйірмелер, секциялар сабақтарына барынша тарту.
12. Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.

«1 қыркүйек – Білім күні» мерекесіне арналған мектепте «Мектеп-мейірім мекені» атты тақырыпта 1-11 сыныптар арасында салтанатты жиын және сынып сағаттары өтті.

5 қыркүйек күні 3-11 сыныптардан Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай, Қазақстан халқы Тілдер күніне арналған жалпы облыстық ашық диктант алынып, 1 сынып білім алушыларымен «Тіл-ұлттық қазына» тақырыбында сынып жетекшісі А.К.Азтаева тәрбие сағатын өткізді.

Еңбек күніне арналған, еңбек адамын насихаттау мақсатында 9 сынып оқушыларымен «Еңбек адамы» атты тәрбие сағатын сынып жетекшісі М.А.Камалиева өткізді.

Төрткүл дүниенің бүгінгі көрінісі, қазіргі ахуалы-ұстаздар еңбегінің нәтижесі. Себебі, Президент пен министр, депутат пен әкім, өнер адамы, кәсіпкер – барлығы да ұстаздың тәлім тәрбиесін алған жандар. Тарыдай болып келген бүлдіршіндердің қолына қалам ұстатып, әріп жазу мен есеп-қисаптың қыр сырын үйретіп, он бір жыл бойы оқытып, таудай азаматтарды алтын ұядан ұшырататын ұстаздардың еңбегі өлшеусіз.

Осынау Ұстаздар күніне орай мектебімізде 5 қазан күні «Өзін-өзі басқару» ұйымының 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Дублер» күні өткізіліп, «Ұстаз! Сіздің алдыңызда...» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында 1-11 сынып оқушылары ұстаздарға өлең шумақтарын айтып, би билеп, ән шырқап өз өнерлерін көрсетті.

13 қазан күні 25 қазан Республика күніне орай 5 – 9 сыныптар арасында «Менің Қазақстаным» тақырыбындағы қабырға газетінің конкурсы өткізілді. Конкурсқа барлық сыныптар қатысты. Мақсаты: оқушыларды патриоттыққа, отаншылдыққа, өз елін, жерін құрметтеуге баулу. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаз сыныптар марапатталды.

16 қазан күні 25 қазан Республика күніне орай кітапханашы Бектұрсын Гүлдана «Қазақстан – менің туған елім!» тақырыбындағы

кітап көрмесі өткізілді. Мақсаты: оқушыларды өз Отанын сүйуге, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар тәрбиелеу. Көрмеге туған ел, жер туралы кітаптар қойылды.

17 қазан күні 1-4 сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті Отаным» тақырыбында суреттер байқауы өтті. Аталған іс-шараға кішкентай патриоттар

белсене қатысып, туған жерге, Отанға деген махаббатын ақ қағазға түсірді.

17 қазан күні 25 қазан Республика күніне орай, Р.Қошқарбаевтың туған күніне орай «Қыран елім- Қазақстаным!» тақырыбындағы 10-11 сыныптар арасында АҚМ автоматын жартылай бұзып жинаудан сайыс өтті. Мақсаты: Қаруды бұзумен оны жинау барысында әскери қабілетті дамыту, топтық жұмыс арқылы ынтымақтастыққа, өз бетімен жұмыс істеу. Сайыс соңында үздік нәтиже көрсеткен оқушылар марапатталды.

18 қазан күні 25 қазан Республика күніне орай 5-6 сыныптар арасында шағын футболдан жарыс өтті. Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау, спорттық бәсеке орнату арқылы олардың арасында бәсекелестік, достық қарым-қатынас орнату. Сайыс соңында үздік нәтиже көрсеткен сынып марапатталды.

20 қазан күні 25 қазан Республика күніне орай Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына 5 сынып оқушылары қабылданды. Мақсаты: ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 5 сыныптың 5 оқушы қабылданды.

Ұлттық мереке Республика күні қарсаңында Гимнді орындау бойынша республикалық челленджге 1-11 сынып оқушылары қатысты.

17 қараша күні мектепте Республикалық «Асық ату» челленджі 1-4 сыныптар арасында өтті. Мақсаты: білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау.

№35 ЖББ мектепте ай сайын ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы бойынша 1-4,5-9,10-11 сыныптар ата-аналарымен сабақтар өткізіліп отыр.

Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдени орта құру мақсатында 27 қараша күні мектепте «Алтын күз» мерекесі өтті. Мерекелік концерт, жеміс-жидек жәрмеңкесі және оқушылар дайындаған күзгі өнімдерден икибана көрсетілді.

Қазіргі біздің қоғамдағы өзекті тақырыптардың бірі–сыбайлас жемқорлықпен күрес. Сыбайлас жемқорлықты жүгендеуге қоғам болып ат салысуымыз қажет.

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып тұр. Сыбайлас жемқорлықпен түбейгейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

Мектепте сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптстыру бойынша ай сайын жұмыстар жүргізіліп отырады.

2023-2024 оқу жылының Кешенді жоспарына сәйкес 1-4, 5-9,10-11 сыныптарда «Үнемділік инноваторы» су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушыларға энергия оның түрлері туралы түсінік беру арқылы ой-өрісін кеңейту, білімін шыңдау. Оқушыларға энергия көзін қолдана білумен қатар үнемдеу керектігін ұғындыру.

Адал ұрпақ тәрбиелеу – қай уақытта болса да өз маңызыдылығын жоғалтпаған мәселе. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту, халқының мүддесін өз мүддесімен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген тәрбиелі ұрпақ тәрбиелу барлығымыздың борышымыз. №35 ЖББ мектепте «Адал болсаң адаспайсың» тақырыбында «Адал ұрпақ» еріктілер клубының мүшелері арасында дөңгелек үстел өтті. Клуб мүшелері сыбайлас жемқорлықты жеңудің моделдерін ұсынып, қызықты әрі ұтымды ойлар айтты.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің күніне іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. «Тәуелсіздік-Тұғырым!» атты тәрбие сағаттары өтті. 7 желтоқсан күні ҚР Тәуелсіздік күніне орай мектеп ұстаздары мен 9-11 сынып оқушылары арасында волейболдан жарыс өтті. Спорттық жарысқа 4 команда қатысты. Спорттық жарысты ұйымдастырудағы басты мақсат-Тәуелсіздікті дәріптеу, салауатты өмір салтын насихаттау, жарысқа қатысушы оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту.

13 желтоқсан күні «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы негізінде «Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджі өткізілді. Челлендж барысында әр білім алушының ел тағдырымен өз болашағы арасындағы сабақтастық туралы ойлануына негіз болатын тақырыптарда шығарма жазды.

25 желтоқсан күні Бауыржан Момышұлы күніне орай 9-11 сынып оқушыларымен АӘТД пәні мұғалімі А.С.Набиянов әскери сынып сағатын өткізді. Сынып сағатында батырдың ерлігі мен өмірі жайлы презентация көрсетіліп, АКМ автоматын жартылай бұзып жинаудың тәсілдерін көрсетті. Мақсаты: Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақ батыры Б.Момышұлының өмірі мен ерліктері, айтқан нақыл сөздерімен таныстыру.

28 желтоқсан күні «Айгөлек» шағын орталығы мен мектепалды сыныбына арналған «Қош келдің, Жаңа жыл» атты ертеңгілік өтті. Балақайларға қонаққа ертегі кейіпкерлері: сиқыршы, теңіз қарақшысы,

Аяз ата мен ақшақар келіп, керемет көңіл күй сыйлады. Балалар тақпақ, өлең айтып, би биледі.

29 желтоқсан күні 1-4 бастауыш сынып, 5-8 орта буын, 9-11 сынып оқушыларына арналған «Қош келдің, Жаңа жыл» атты мерекелік кеші өтті. Мектебімізде ұйымдастырылған жаңа жылдық шырша кеші әсем безендірілген залда мектеп парламенті мүшелері, белсенді оқушылардың атсалысуымен, думанға толы салтанатпен өтті.

Желтоқсан айында аудандық білім бөлімінен көп балалы отбасы мен жұмыссыз отбасыға әр балаға 40500 теңгеден әлуеметтік пакет тағайындалды.

Қысқы каникул кезінде білім алушылардың демалысын ұйымдастыру мақсатында жоспар құрылып, есебі әлеуметтік желіге жарияланды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес 1-4,5-9, 10-11 сынып білім алушыларының ата-аналарымен ата-аналардың балаларды жаңа жағдайға бейімделу қабілеттерін дамыту мақсатында семинар-тренингтар өткізіліп отырды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының сабақтарын 1-4,5-9,10-11 сынып жетекшілері өткізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары сана мен мәдениетті дамыту, сонымен қатар ішкі парасаттылықты, адалдықты тәрбиелеу және бір-бірімізге деген сенімді, адалдық қағидаттарын қалыптастыру мақсатында қаңтар айында «Адалдық дүкені» өтті. «Адалдық дүкені» жұмысы өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесі бойынша ұйымдастырылды.

«ДОСБОЛЛІКЕ: достық қолын ұсын» акциясы аясында 17- қаңтар-17 ақпан аралығындағы іс-шаралар өткізілді. Мектеп оқушылары өз қолдарымен қабырға газетін жасады. «Дос болсан берік бол досыңа серік бол» атты үзілісте ойындар ойнады.

2024 жылдың 26 қаңтар күні сағат 12.00 де «9 айға-9 іс-шара» аясында ф-м.ғ.д профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Асқар Жұмаділдаевтің авторлық есептерін шығарудан «Қазақ есебі» челленджі өтті.

Мақсаты: білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету.

9-11 сынып оқушыларымен ақпан айында «Нашақорлықтың алдын алу» тақырыбында мектеп медбикесі кездесу сабағын өткізді. Кездесу сабақта салауатты өмір салтын сақтау барысында, оқушылар нашақорлық жайлы білімдері, оның алдын алу шаралары, сақтану жолдары туралы айтылды.

Облыстық «Әкелер айлығы» аясында ақпанның 08 күні 1-4 сыныптардың әке мен бала арасындағы «Әке жолы-ізгі жол» атты спорттық ұлттық ойындардан сайыс өтті.

Мақсаты: Әке мен бала арасындағы ынтымақтастық.

Сайысқа 6 әке мен бала жұбы қатысты. Сайыстың басы қазақтың қара жорға биімен ашылды. Сайыс қызықты әрі тартысты өтті. Сайыс нәтижесі бойынша барлық кезеңнің қорытындысымен ең көп ұпай



жинаған Данабек әкесі мен Ерназ баласы I орын, Ерлан әкесі мен Асылжан баласы II орын, Сайран әкесі мен Ескендір баласы III орындарға ие болды. Қалған сайысқа қатысушылар Арман атасы мен Нұрхан немересі, Оралтай әкесі мен Ибрахим баласы, Мейірлан әкесі мен Кәусар қызына «Алғыс хаттар» табысталды.

14 наурыз-Көрісу күні-Амал мерекесінде адамдар бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін, бір-бірімен қауышатын күн ғана емес, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін күн. Осы күні мектебіміздің оқушылары ата-аналарға, ұстаздарға құттықтау бейнеролигін жолдады

15 наурыз-Қайырымдылық күніне орай «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері «Таза аула» акциясын ұйымдастырды. Клуб мүшелері мектеп ауласын қардан тазартып қайырымды іс жасады.

16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүрлер күні «Әжелер мектебі» аясында Бибігүл әжесі немересі 4 сыныптың оқушысы Төлеубек Іңкәрға «Наурыз көже-қонаққа ең жақсы ас» атты шеберлік сағаты және «Көне заттар-ғажайып заттар» атты көрме өтті.

19 наурыз күні мектебімізде мектепалды даярлық сыныбы мен «Айгөлек» шаған орталығы бүлдіршіндері тамаша көңіл күймен қарсы алды. Ұлттық киім киген бүлдіршіндер ән салып, би билеп, ұлттық ойындар ойнап, ата-аналарын қуантты.

20 наурыз «Ұлттық спорт» күніне орай «Әкелер мектебі» аясында «Әке отбасы тірегі» атты ұлттық ойындардан сайыс ұйымдастырылды.

Спорттық сайыстың негізгі мақсаты: отбасында әкелердің жауапкершілігін арттыру. Балалармен қарым-қатынасын нығайтып, жалпы отбасындағы жылулықты, байланысты арттыру болып табылады.

Ұлттық спорт сайысына 4 әке (Набиянов Асқар, Абдиқаримов Ерғанат, Набиянов Аян, Мәтелов Ботахан) қатысып, 4 бөлім бойынша сайысқа түсті. 4 бөлім қорытындысы бойынша I орынды Мәтелов Ботахан, II орынды Абдиқаримов Ерғанат, III орынды Набиянов Аян иеленіп, Набиянов Асқар «Алғыс хатпен» марапатталды.

22 наурыз Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамына орай «Нұр Наурыз – халық тойы» атты 1-11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен мерекелік бағдарлама және қазақ халқының салт-дәстүрлерінің көрініс өтті.

Құндылығын арттыру және ұрпақ арасында тәлімдік, тәрбиелік мақсатында «сырға салу», «Селтеткізер» ұлттық дәстүріміз насихатталды.

Көктемгі каникул кезінде білім алушылардың демалысын ұйымдастыру мақсатында 25 наурыз күні 11 сынып арасында «Менің сүйікті кітабым» атты республикалық челленджінде бекітілген көркем шығарманы оқып, талқылау. Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» шығармасы талқылап, 27 наурыз күні 1-4 сынып арасында «Қазақстандағы балалар басылымдар каталогымен» танысытырылды.

30 сәуір күні мектебімізде Қазақстан халықтарының бірлігі мен

ынтымақтастығын ұлықтайтын мереке аталып өтілді. Көпұлтты және ортақ салты мен тарихы бар мемлекетіміздің өзара келісімі – біздің бейбітшілік пен берекенің бастауы. «Достығы жарасқан туған елім» атты мерекелік концерт болды. Әр ұлттың нақышында киінген 1-9 сыныптың оқушылары сахна төрінде салт-дәстүрді, ұлттық тағамдар мен киімдерді насихаттады. Бір шаңырақ астындағы әр ұлты өкілдері сахна төрінде бас қосты. Қазақстан халқының бірлігін нығайту, оқушыларды достық пен ынтымақтастықта өмір сүруге тәрбиелеуді көздеген басты мақсаты өз мәресіне жетті.

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекіту және ҚР Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Президентінің 2022 жылы 2 ақпандағы N802 Жарлығын орындау барысында, сондай-ақ мектепте сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептерді болдырмау мақсатында сәуір айында мектеп ұстаздары мен ата-аналарымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2024 жылдың 29.04-03.05 күндері 1- мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай «Бір шаңырақ астында» тақырыбындағы сурет көрмесі өтті. Аталған іс-шараға 1-6 сынып оқушылары белсене қатысып, балалар елімізде бір шаңырақ астында тату-тәтті тұрып жатқан ұлттар мен ұлыстардың тыныс-тіршілігін ақ қағаз бетіне түсіріп, шығармашылық шабыттарын шыңдады.

2 мамыр күні 7- мамыр Отан қорғаушылар күні, 9-мамыр Ұлы Жеңістің 79 жылдығына орай 2-ші сынып оқушыларын Республикалық бірыңғай «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына салтанатты түрде қабылдау іс-шарасы өтті. Мақсаты: оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу. «Жас Қыран» ұйымына 14 оқушы қабылданды. Мектеп Президенті Қуанышбек Ернар рапорт тапсырып, оқушыларды ант беру рәсіміне дайындады.

2024 жылдың 06.05 күні 7- мамыр Отан қорғаушылар күні, 9-мамыр Ұлы Жеңіс күніне орай «Ұранды ердің-ұрпағы қайсар» тақырыбындағы кітап көрмесі өтті. Мақсаты: Жас ұрпақтың бойына ұлттық рухы, патриоттық сезімдерді ұялату. Отан алдында өз жауапкершілігін сезіндіру.

06.05 күні 7- мамыр Отан қорғаушылар күні, 9-мамыр Ұлы Жеңіс күніне орай «Ұранды ердің-ұрпағы қайсар» тақырыптарында сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту.

10 мамыр күні 11 сынып оқушылары мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында «Түлектердің ағаш егуі» челленджіне қатысып, мектеп ауласына ағаш отырғызды.

12 мамыр «Аналар күні» 15 мамыр «Халықаралық отбасы күніне» орай мектебімізде сурет көрмесі өтті. Көрменің мақсаты: балалардың

отбасына деген мейірімін, махаббатын, бақытты сәттерін өздерінің салған суреттері арқылы жеткізу.

Мамыр айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мектебімізде сурет көрмесі өтті. Көрмеге 5-8 сынып оқушылары қатысты.

Көрменің мақсаты: өскелең жас ұрпаққа сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, оқушылардың суреттері арқылы олардың ойларын, көзқарастарын білу.

21 мамыр күні 7-11 сынып білім алушыларымен, ата-аналармен «Нашақорлықтың алдын алу» тақырыбында Қоянды ауылының учаскелік полиция инспекторы, полиция лейтенанты Дюсекин Данияр Аскарбековичпен және мектеп медбикесі Б.Қ.Есенбаевамен кездесу өткізілді. Кездесу барысында баяндамасымен таныстырып, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Сонымен қоса, мектептің ішкі тәртібі, жазғы демалыс кезіндегі көше тәртібін айтып, қосымша ақпараттармен қамтыды.

24 мамыр күні 1-10 сынып оқушыларына «Білімім-Отаныма!» жалпыреспубликалық бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді. 9-11 сыныптың түлектері үшін «Мен.Мектеп.Ұстаз» тақырыбында мектеп қабырғасындағы балалық шақтан болашаққа қадамы туралы өз ойларынан эссе жазды.

2023-2024 оқу жылының қорытындысында өткізілетін тәрбие сағатының мақсаты: балаларды ұстаздарды құрметтеуге, білім ұясына қамқор болуға, білім алуға құштар болуға, жыл бойы алған білімінің нәтижесін қорытындылай білуге тәрбиелеу.

25 мамыр күні «Мектебім,саған мың алғыс!» тақырыбында соңғы қоңырау салтанатты жиыны өтті.

Білім ұясынан 11 сыныптың 8 түлегі қанат қағып, балалықтан арылып, үлкен өмірге қадам басты. Мерекелік жиынға ардагер ұстаздарымыз Серік Әбешұлы мен Айтмұхаммед Қалтайұлы шақырылып, түлектерге ізгі тілектерін білдіріп, сәт-сапар тіледі. Биыл мектебіміздің мерейі үстем болатындай 2 оқушымыз «Алтын белгіге», 1 оқушымыз «Үздік аттестатқа» үміткер.

Жаз маусымының алғашқы күні, яғни 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні. Балғын бүлдіршіндеріміз үшін ең қуанышты мереке мектебімізде аталып өтіп, «Балдәурен» жазғы сауықтыру алаңының ашылу салтанаты өтті.

4 маусым Қазақстан Республикасы Рәміздер күніне кітапханада «Рәміздер біздің мақтанышымыз» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мемлекеттік Гимнді бір мезгілде мектеп ұстаздары мен жазғы алаң тәрбиеленушілері орындады.

Мектепте «Балдәурен» жазғы сауықтыру алаңында 30 бала демалуда. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры аясында «Қайырымдылық» күніне орай балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында «QH Жаздық жолдама-2024 қайырымдылық жобасы бойынша мектебімізге 2 жолдама берілді.

## **2024-2025 оқу жылының жарты жылдығында атқарылған тәрбие жұмыстарының есебі**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында атап айтқан құндылықтар негізінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарламаның мақсат, міндеттері:

**Мақсаты:** рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы қазақстандық мәдениеттің құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру.

### **Міндеттер:**

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- \* Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- \* Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- \* адалдықты, әділдікті, мейірімділікті, қамқорлықты, мейірімділікті және басқа да адамгершілік қасиеттерді дамыту;
- \* табиғат пен қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- \* өз елі үшін мақтаныш сезімін және оның жетістіктерін тәрбиелеу;
- \* отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарасты қалыптастыру;
- \* өз құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайындықты дамыту;
- \* әлеуметтік маңызды қызметке белсенді қатысу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- \* мінез-құлық пен басқалармен қарым-қатынаста адалдық пен әділеттілікке тәрбиелеу;
- \* өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті дамыту;
- \* еңбекқорлық пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты қалыптастыру;
- \* біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- \* әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- \* білім беру ортасында қолайлы психологиялық-педагогикалық климат құру;
- \* ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау;
- \* отбасын тәрбие процесіне тарту.

### **Күтілетін нәтижелер:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейлеріндегі ұйымдар тұлғаларының құндылықтары мен негізгі құзыреттерін қалыптастыру және дамыту күтіледі.

2024-2025 оқу жылының басында «Біртұтас тәрбие»

бағдарламасының жаңартылған мазмұнындағы өзгерістер мен ерекшеліктер жайында мектеп мұғалімдерімен ата-аналар, оқушыларға таныстырылым жасалды. Семинар барысында «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы нұсқаулық берілді.

Мектепте «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылына арналған жаңа жоспарды бекітілді. Бүгінгі таңда барлық ұстаз оқушылардың бойына ұлттық мүддені сіңіре отырып білім беруді бастап кетті. Атап айтсақ, күн сайын «Күй күмбірі», «Үнемді тұтыну», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут» сынды оқыту шаралары күнделікті өткізіледі. Апта сайын «Менің Қазақстаным» ір дүйсенбі ҚР Мемлекеттік Гинин орындау, «Апта дәйексөздері» сыныпқа интерактивті тақтаға ақын жазушылардың қанатты сөздерін жазып қою. Сынып сағаттарында 10 минут қауіпсіздік сабақтарын өткізу.

Қазіргі қоғамда оқушылардың арасында көптеген вейб, лудомания қатарлы мәселелер туындап жатыр. Сондай жат қылықтардың алдын алу мақсатында бағдарлама ұлттық құндылықтарға бағытталған. Жалпы, былтырғы бағдарламада үш құндылық болса, биыл алты құндылыққа негізделген. «Біртұтас тәрбие» жүйесін стратегиялық маңызды құжаттардың бірі деп айтуға болады. Себебі, біз осы тәрбие арқылы, тек қана мектеп емес ата-ана, білім ошағы үштік болып, болашақ ұрпақты тәрбиелейміз.

Бұл өзгеріс – биылғы жылы қабылданған бағдарламаның басты ерекшелігі. Ол Қазақстанның барлық мектептеріне бірдей деңгейде қолданылуда. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының қазіргі білім беру жүйесі үшін өзектілігі мен маңыздылығы жоғары. Бағдарлама қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне дайын және өз елінің дамуына елеулі үлес қоса алатын азаматтардың жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған. Бұл тек жүйелі және осы құндылықтарды тек біркүндік акция ғана емес, жүйелі түрде қалыптастыру.

«1 қыркүйек – Білім күні» мерекесіне арналған мектепте «Мектеп-мейірім мекені» атты тақырыпта 1-11 сыныптар арасында салтанатты жиын және сынып сағаттары өтті.

«Мектебім-мейірім мекені» атты республикалық челлендж аясында «Жазғы каникулдағы жарқын естелік», «Менің саяхатым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім» тақырыптарында 1-4, 5-9 сынып оқушылары бейнеролик түсірді.

2 қыркүйек «Менің Отаным Қазақстан» тақырыптарында сынып жетекшілер 1-11 сынып оқушыларымен сынып сағаттарын өткізді.

5 қыркүйек күні 7-11 сынып білім алушыларымен Қарағанды облысының Полиция департаментімен бірлесе дайындаған нашакорлық туралы бейнематериал көрсетіліп, оның зардабы, алдын алу мақсатында түсіндірме жұмысы жүргізілді. 10 қыркүйек күні 5-11 сынып

оқушыларына Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті терроризмге қарсы орталығының арнайы әзірленген бейнеролигін көрсетіп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 10 қыркүйек күні Исатаева Г.О 4 сынып оқушыларымен отбасы күніне орай «Отбасы-тәрбие бастауы», Оспанова А.С 9 сынып оқушыларымен «Отбасы бақыт мекені» атты сынып сағаттарын өткізді. Мақсаты: отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқорлық жасауға, сыпайы ілтипатты болуға тәрбиелеу.

16 қыркүйек күні 10 сынып оқушылары «Менің сыныбым буллингке қарсы» бейнеролик челленджін түсірді. Мақсаты: балалар мен жасөспірімдер арасында буллинг міселесіне оқушылар мен мұғалімдердің назарын аудару, буллингке қарсы сана-сезімін қалыптастыру.

17 қыркүйек күні жол көлік жарақатының алдын алу мақсатында «Жол ережесін білесің бе?», «Қауіпсіздік басты міндет» тақырыптарында 3,5 сынып білімалушыларына бейнеролик көрсетіліп, жолда жүру ережесімен, жол қауіпсіздігін, жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Еңбек күнін» мерекелеу қарсаңында 17 қыркүйек күні Рымханова М.Қ 5 сынып оқушыларымен «Менің жетістігім-менің нәтижем» тақырыбында сынып сағатын өткізді. «Еңбек күнін» атап өту туралы іс-шаралар жоспары негізінде 18 қыркүйек күні мектеп тәлімгері Бектұрсын Г.С «Табысты түлек» атты білім беру ұйымдарының түлектерімен кездесу өткізді. Мақсаты: мектепті бітірген түлектер әр саланың мамандық иелері ретінде жеткен жетістіктері жайлы, оларды оқытқан ұстаздары туралы мектеп оқушыларымен сұхбаттасу.

«Төрт тоқсанға-төрт өнер» Ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның 9 қыркүйек-24 қыркүйек аралығында өткізілген 1 тоқсан «Ақындар айтысы» сайысы бөлімінің іс-шаралар жоспарына сәйкес «Шабытым-менің шырағым» оқушылар поэзия кеші өтті.

11 қыркүйек күні «Төрт тоқсанға-төрт өнер» Ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның тұжырымдамасы аясында «Бізді ақылды ететін кітап-дана» тақырыбында мектеп кітапханашысы Бектұрсын Г.С кітаптар керуенін өткізді.

30 қыркүйек күні Нурмақов С.З 8 сынып оқушыларымен «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет және «Өзіңіз туралы жеке ақпаратты беру қауіп» атты қауіпсіздік сабағын өткізді.

1 қазан күні мектебімізді жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде:

1. «Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығы». «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнындағы өзгерістер мен ерекшеліктерімен таныстыру.

2. Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру. Мектептегі мектеп формасының сақталуы

3. Ата-аналар комитетін сайлау

4. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының және оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы.

Оқу – ағарту министірлігі 5 қазан Ұстаздар күніне орай «Даналық ұстаздан» челленджін жариялайды. Бұл шара педагогтерге құрмет пен алғыс білдіруге, сондай-ақ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған. 3 қазан күні 5-11 сынып оқушылары «Ұстазым» әнін бір мезгілде орындап челленджге қатысты.

3 қазан күні «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастырумен ұстаздар мерекесіне орай мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру мақсатында «Дублер күні» өткізілді.

4 қазан күні ұстаздар қауымының кәсіби мерекесіне орай «Ұстаз-ұлы есім» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Іс-шараға 1-11 сынып оқушылары қатысып, ұстаздарға ән-жырларын арнады.

7 қазан күні Жумабекова С.К 1 сынып оқушыларымен «Дүкенге алғашқы рет жалғыз бару» тақырыбында қауіпсіздік сабағын өткізді. Мақсаты: балаларға дүкенде өзін-өзі сыпайы ұстау және қауіпсіздік ережелерін үйрету.

10 қазан күні мектеп қызметкерлері мен оқушыларға интернет алаяқтарға жол бермеу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

10 қазан күні «Рухани келісім» күніне орай «Рухани келісім-бірлік пен тұрақтылық кепілі» атты кітап көрмесі, 2-7 сынып оқушылары арасында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің басты мақсаты жас ұрпақты отанды сүйуге, ұлтжандылыққа, патриотизмге, мәдениеттілікке тәрбиелеу.

14 қазан күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері» тақырыбында Азтаева А.К 2 сынып оқушыларымен қауіпсіздік сабағын өткізді.

21 қазан күні «Республика» күніне орай Исатаева Г.О 4 сынып оқушыларымен «Республикам-мақтанышым», қауіпсіздік сабағы: Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек? тақырыптарында сынып сағатын өткізді. Мақсаты: оқушылардың өз Отанын сүйуге, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, халқының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қадірлейтін саналы ұрпақ тәрбиелеу.

21 қазан «Республика» күніне орай «Қыран елім Қазақстан» тақырыбында «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті. «Жас Ұлан» ұйымына мектебіміздің 5 сынып оқушыларынан 10 оқушы қабылданды. Ұйымға қабылданушы оқушылар өз Отынының патриоты болуға, «Жас Ұлан» ережесін бұлжытпай сақтай отырып, өзінің достарына соны талап ете отырып, Отанды сүйуге салтанатты түрде ант берді.

22 қазан күні «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» жөнінде

мектеп ұстаздары мен ата-аналарымен «Қоғамға қауіпті кесел-сыбайлас жемқорлық» атты құқықтық оқыту жиналысы ұйымдастырылды.

Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің бастамасымен 29 қазанда қамқоршылар мен қорғаушылардың, қабылдаушы отбасыларды, патронаттық тәрбиешілерді қолдау, көтермелеу мақсатында 29 қазан «Қамқоршылар күні» мерекесіне орай аудандық білім бөлімі сайыс ұйымдастырып, оған ауылымыздан баланы қабылдаушы отбасы тәрбиешілері Мәтелов Ботахан мен Кешубаева Айгерім «Отбасылық фотогалерея» сайысына қатысуға ұсыныс жасап, бейнеролик ұсынса, баланы қабылдаушы отбасы тәрбиеленушілері Төребай Ақару мен Пермяков Мирхан «Күзгі пейзаж», «Ана мен бала» суреттерін ұсынды.

23 қазан күні сағат 11:00-де 25 қазан Республика күніне орай мектеп мұғалімдері мен білім алушылары бір мезетте Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындады.

23 қазан күні Республика күніне орай Азтаева А.К 2 сынып оқушыларымен «Республикам-мақтанышым» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты: оқушыларды мемлекеттік тілді білуге және құрметтеуге, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетуге, өз еліне сүйіспеншілік танытуға үйрету.

24 қазан күні Республика күніне орай дене тәрбиесі пәні мұғалімі, тренер Каримов Н.М мектебімізде дзюдо күресінен 2016, 2017, 2018 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасында Қоянды ауылының ашық біріншілігін өткізді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 қазан №833 қаулысымен 24 қазан «Кітапханашылар» күні болып бекітілген болатын. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес кітапханашы еңбегін бағалау, кітапханашыларға деген құрметті қалыптастыру мақсатында мектебіміздің кітапханашысы Бектұрсын Гүлданаға құрмет көрсетіліп, алғыс хат табысталды.

24 қазан күні 1-11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Республикам- мақтанышым» атты мерекелік кеш өтті. Мерекелік кештің мақсаты: оқушыларды өз Отанын сүйуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елінің тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

**Тәрбие жұмысындағы мәселелер мен кемшіліктер және қызметін жетілдіру бойынша қорытындылар мен ұсынбалар:**

**Тәрбие жұмысының мықты жақтары:**

1. Мектепте мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық ортаның қалыптасуы

2. Құндылықтар бойынша жұмыстардың қамтылып, ұйымдастырылуы

3. Барлық іс –шаралардың мәліметтері әлеуметтік желілерге уақытылы жүктелуі

4. Сынып сағаттарының кесте бойынша уақытылы өткізілуі

5. Іс-шаралардың материалдық базаларының нығаюы

**Тәрбие жұмысының әлсіз жағы:**

1. Патриоттық сезімнің жекелеген оқушының бойында әлсіздігі



2. Азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбиедегі оқушыларға тағы да қамтылуы аз болғандығы.
3. Оқушылардың өткізілген іс-шараларға толық қамтылмауы.
4. Сынып жетекшілердің толығымен ат салыспауы.

**Қорытынды:** Тәрбие жұмысын қорытындылай келе, жалпы педагогикалық ұжым қойылған міндеттерді орындағанын атап өткен жөн. Мектеп мұғалімдері балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие процесін шебер басқарды. Барлық тәрбие іс-шараларының үйлестірілуі, олардың педагогикалық орындылығы, қажеттілігі мен жеткіліктілігі, жоспарлар мен іс-әрекеттердің келісімділігі мектептің тәрбие процесінде оң нәтиже берді, бұған қол жеткізудің әртүрлі деңгейлері дәлел бола алады.

#### **4.5. Білімалушылардың рухани –адамгершілік, азаматтық-патриоттық,көркемдік –эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әр түрлі нысандарын ұйымдастыру**

Мектепте жоспарланған іс-шаралар жүйелі орындалып отырады. Кәсіптік бағдар беру бойынша ұйымдастыру жұмыстарында оқушыларға кәсіптік бағдар бере отырып, белгілі бір мамандыққа бейімділігін анықтау мақсатында жоғары сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізіледі, ата- аналарымен үнемі байланыс жасалады және түрлі тақырыптарда сынып

сағаттары өткізілді. Аптаның әр дүйсенбі күні бірінші сабақ алдында екі ауысымда да мемлекеттік гимн айтылады. Жалпы мектеп бойынша дүйсенбі саяси хабар, бейсенбі денсаулық күні болып белгіленген. 2022 жылдан бастап мектеп жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік желі парақшасы жұмыс жасайды. Мектеп өмірінде болып жатқан жұмыстар осы парақшаға салынып отырады. Білім алушылардың құқықтары мен еркіндіктері, оларды сақтау және қорғауға бағытталған жұмыстар да жүйелі жүргізілді. Фейсбук парақшамыз: <https://www.facebook.com/share/b9oNVBKtC8pJ8rb7/>

Инстаграм паркшамыз:

<https://www.instagram.com/mektep35kmm/profilecard/?igsh=MW8xOGRveHl1azlkbA==>

Білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттеріне байланысты өнерге, спортқа, шығармашылыққа деген қызығушылықтарын, ынта-жігерін арттыру, эстетикалық талғамын дамытуға тәрбиелеу мақсатында мектепте үйірме жұмыстары жүргізіледі. Үйірме жұмыстарын жүргізудегі жетекшілердің негізгі мақсаты білім алушылардың шығармашылық қабілеті мен өзіндік іс-әрекетін жан-жақты дамыту, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға шыңдау болғандықтан , оны ұйымдастыру мен жүргізуде үнемі жауапкершілік танытып отыру керек. Үйірме жұмыстарын жүргізуде мұғалімнің шығармашылық қабілеті айқын көрінеді. Сондықтан үйірме жұмысын

жүргізу үшін ең бірінші білім алушылардың талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыра отырып, үйірме мүшелерін ортақ іске жұмылдырамыз. Ол үшін үйірме жетекшісі алынған тақырыбының үйретушілік және тәрбиелік маңызына ерекше көңіл бөледі. Осыған байланысты үйірме сабақтарында білім алушылардың ойлау қабілеттерін арттыруда ізденіс дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал оны дамыту үшін тиімді жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жұмыстар жүргізу үйірме жетекшілері басты назарда ұстау қажет. Осындай ұстаным мен талаптарды ұстана отырып, жетекшілер жыл басынан бері арнайы құрылған жоспарлары бойынша жұмыс жүргізуде. Мектеп білім алушыларының үйірмелерге қызығушылықтары жоғары.

«Ұшқыр ой» дебат клубының жұмысы жоғары деңгейде жұмыс жасауда. 2022-2023 оқу жылында қатысатын оқушылардың саны артып, қызығушылықтары оянууда. Мектепшілік дебат ойынына 2 командаға дейін қатысып, әр түрлі тақырыпта өткен ойындарда өздерінің сөйлеу, ойлау дағдыларының қалыптасқаны, өзін-өзі ұстау мәдениетінің жақсы дамығаны байқалды. Әрбір таңдап ойнаған тақырыптары арқылы өз бетімен білім алуға дағдыланады, саяси сана-сезімі, қоғамға деген көзқарастары өзгереді.

Ал спорт үйірмесі бойынша мектеп білім алушыларының қатысу деңгейі өте жоғары. Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері салауатты өмір салтын насихаттау, білім алушылардың спортқа деген қызығушылығын ояту барысында волейбол, шағын футбол, тоғызқұмалақ, теннис ойындары бойынша аптасына 1 рет жүргізіледі. Арнайы кестелері, жоспарлары жасалған.

Қорыта айтқанда, барлық үйірме жетекшілері жеке тұлғаны жан-жақты дамытуда үйірме жұмыстарын жоспарлы жүргізе отырып, өздігінен бақылау жүргізуге, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен іздене алатын және шымыр, дені сау салауатты азамат дайындауда жауапкершілікпен жұмыс жасауда. Бұл жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде білімалушылар өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады, болашақта өмірден өз орнын табуға талпынады.

### 2023-2024 оқу жылы

Үйірменің атауы	Бағыты	1-4	5-8	9-11
Есептер әлемі	Жаратылыстану-математикалық	10	-	-
Мәнерлеп оқу	Қоғамдық-гуманитарлық	7	-	-
Табиғат жанашыры	экологиялық	6	-	-
Мир поэзии	Қоғамдық-гуманитарлық	3	3	3
Дебат	шығармашылық	-	-	6

Funny English	Қоғамдық-гуманитарлық	-	5	3
Ұлттық қолөнер	Сәндік-қолданбалы	-	2	5
Өлке тарихы	Туристік-өлкетанулық	-	-	8
Волейбол	Спорттық	-	-	10
Шағын футбол	Спорттық	-	8	-
Тоғызқұмалақ	Спорттық	-	5	-
теннис	Спорттық	-	3	3
Барлығы	13			

2022-2023			2023-2024			2024-2025		
Барлық оқушы	Үйірме саны	Бала саны	Барлық оқушы	Үйірме саны	Бала саны	Барлық оқушы	Үйірме саны	Бала саны
95	12	82	89	13	64	83	11	72

2023-2024 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын алу және құқық кеңесінің жоспары құрылып бекітілді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 7-10 сынып оқушыларымен «Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік» тақырыбында ауылдық полиция қызметкері Макежанов А.М мен АӘТД пән мұғалімі Набиянов А.С профилактикалық әңгіме, ата –аналар арасында «Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама оқылды.

Білім алушылар арасында жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу мақсатында қыздар ұйымының жетекшісі М.Рымханова мен медбике Есенбаева Б.Қ-мен кездесу өткізілді. Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында ерте жастағы жүктіліктің алдын алу жоспарына сәйкес мектеп медбикесі, мектеп психологы, қыздар ұйымының жетекшісі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының қатысуымен арнайы тақырыпта жиналыс өткізілді. 08.11-20.11 аралығында «Қатыгездіксіз және зорлық –зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында өткен акция барысы бойынша іс –шаралар жоспары жасалып, жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті қадағаланып отырды. Себепсіз сабақ босатқан оқушылар жоқ.

«Қауіпсіз демалыс» қысқы каникул кезіндегі тәртіп, балалар өмірінің қауіпсіздігін сақтау және каникулда өткізілетін шаралармен таныстырылды. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша

атқарылған жұмыстар жалғасын табады.

№ 35 ЖББ мектепте құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты біршама жұмыстар атқарылды. 2024 жылдың қаңтар айында сынып жетекшілер «Отбасында бала құқығын қорғау» тақырыбында сыныптық ата – аналар жиналыстарын, темекі шегу, ішімдік, нашақорлықтың, ЖИТС алдын алу және құқықтық тәрбиелеу бойынша 7-8 сынып оқушыларымен мектеп медбикесі Б.Қ.Есенбаева «Зиянды әдеттерден аулақ болу» тақырыбында жиналыс өткізді. Құқық кеңесінің жетекшісі Нурмаков С.З ұйымдастыруымен 12-16 ақпан аралығында «Құқықтық навигатор» тақырыбында құқықтық сауаттылық апталығы өтті.

Қаңтар айында Қарқаралы ауданы прокуратурасының прокуроры Мұрат Нұрсұлтан Арманұлы мектебіміздің 9-11 сынып оқушылары мен ұстаздарымен профилактикалық әңгіме өткізді. Кездеу барысында кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінің және түнгі уақытта бос жүрмеуі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді, сонымен қатар оқушыларға ұялы телефонмен интернет желісін дұрыс пайдалану, әртүрлі интернет ойындарына кірмеуі қатаң ескертілді және сенім телефондарымен таныстырылды.

Мектепте құқық бұзушылық жасаған, қылмыс жасаған және қаңғыбастылыққа бейім, себепсіз сабақ босатқан оқушылар жоқ. ІБ есебінде тіркеуде тұрған және мектепшілік есепте тұрған оқушылар жоқ. Сынып жетекшілер 21.03-31.03 күндері көктемгі каникул кезінде өмірдің қауіпсіздік негіздерін, жолда жүру ережесін, су қауіпсіздігі, сел тасқыны кезіндегі қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігін таныстыру және алдын алу шараларымен жұмыс жүргізу үшін сынып жиналыстарын және ата – аналар жиналыстарын өткізді.

2024 жылдың 21 мамыр күні 7-11 сынып білім алушыларымен, ата-аналармен «Нашақорлықтың алдын алу» тақырыбында Қоянды ауылының учаскелік полиция инспекторы, полиция лейтенанты Дюсекин Данияр Аскарбековичпен және мектеп медбикесі Б.Қ.Есенбаевамен кездесу өткізілді. Кездесу барысында баяндамасымен таныстырып, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Сонымен қоса, мектептің ішкі тәртібі, жазғы демалыс кезіндегі көше тәртібін айтып, қосымша ақпараттармен қамтыды.

Оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті қадағаланып отырды. Себепсіз сабақ босатқан оқушылар жоқ.

Жаз маусымының алғашқы күні, яғни 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні. Балғын бүлдіршіндеріміз үшін ең қуанышты мереке мектебімізде аталып өтіп, «Балдәурен» жазғы сауықтыру алаңының ашылу салтанаты өтті. «Балдәурен» жазғы сауықтыру алаңына мектеп бойынша 30 оқушы қамтылды.

«Қауіпсіз демалыс» жазғы каникул кезіндегі тәртіп, балалар өмірінің қауіпсіздігін сақтау шаралармен таныстырылды.

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылатын жұмыстар жалғасын табады. Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік- педагогикалық кеңес беріліп отырады. Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған оқушылар кездескен жоқ.

Мектепшілік есепте тұрғандар – 0 Тәуекел топтағы оқушылар – 0  
 Аудандық ПБ есебінде тұрғандар – 0

**2023-2024 оқу жылындағы өзін өзі басқару бойынша  
 өткізілген іс-шаралар сілтемесі**

<b>№</b>	<b>Облыс/қала</b>	<b>Өткізілген іс-шара тақырыбы</b>	<b>Сілтемелер</b>
1	Қарқаралы ауданы «Қоянды ауылының №35 ЖББ мектебі» КММ	1 қыркүйек «Мектебім-мейірім мекені»	<a href="https://www.facebook.com/share/p/2DXE9qXsntLtdHbH/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/p/2DXE9qXsntLtdHbH/?mibextid=WC7FNe</a>
2		«Дублер» күні (өзін-өзі басқару күні)	<a href="https://www.facebook.com/share/v/Fn6KpXV7Mdsyhra/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/v/Fn6KpXV7Mdsyhra/?mibextid=WC7FNe</a>
3		Жаңадан сайланған мектеп Парламентінің ұлықтау жиыны	<a href="https://www.facebook.com/share/p/kLH7CqyJNWE1aEiW/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/p/kLH7CqyJNWE1aEiW/?mibextid=WC7FNe</a>
4		«Ұстазым, ұлағатым үлгі өнегем!» ұстаздар күніне арналған концерт	<a href="https://www.facebook.com/share/p/7axNkVe6WTVuYwPj/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/p/7axNkVe6WTVuYwPj/?mibextid=WC7FNe</a>
5		«Менің Қазақстаным» қабырға газеті	<a href="https://www.facebook.com/share/6QH5tque8nnrkp9n/">https://www.facebook.com/share/6QH5tque8nnrkp9n/</a>
6		«Жаңа Қазақстан. Таза Қазақстан» сенбілік	<a href="https://www.facebook.com/share/ZBu3XcdZ4L4mB9Ne/">https://www.facebook.com/share/ZBu3XcdZ4L4mB9Ne/</a>
7		«Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстан!» салтанатты жиын	<a href="https://www.facebook.com/share/p/hZMbUE3DS1MmsnZN/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/p/hZMbUE3DS1MmsnZN/?mibextid=WC7FNe</a>
8		Гимнді орындау челлендж	<a href="https://www.facebook.com/share/p/XcxLu2jzXFJYfnDB/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/p/XcxLu2jzXFJYfnDB/?mibextid=WC7FNe</a>
9		Республика күніне орай мерекелік көнцерт	<a href="https://www.facebook.com/share/p/hZMbUE3DS1MmsnZN/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/p/hZMbUE3DS1MmsnZN/?mibextid=WC7FNe</a>
10		«Алтын күз»	<a href="https://www.facebook.com/share/p/XcxLu2jzXFJYfnDB/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/p/XcxLu2jzXFJYfnDB/?mibextid=WC7FNe</a>
11		«Бес табан»және «Бес асық» челлендж	<a href="https://www.facebook.com/share/p/pgtqTNUsbZrKbWx4/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/p/pgtqTNUsbZrKbWx4/?mibextid=WC7FNe</a>
12		«Адал болсаң адаспайсың» «Адал ұрпақ» еріктілер клубы	<a href="https://www.facebook.com/share/p/qXGNfuU4qhxxBdrd/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/p/qXGNfuU4qhxxBdrd/?mibextid=WC7FNe</a>
13		«Қош келдің, Жаңа жыл»	<a href="https://www.facebook.com/share/MhiPJYoYLECUiUUH/">https://www.facebook.com/share/MhiPJYoYLECUiUUH/</a>

14		«ДОСБОЛЛИКЕ»қа бырға газеті	<a href="https://www.facebook.com/share/7gLUsoEbhsHqLpLj/">https://www.facebook.com/share/7gLUsoEbhsHqLpLj/</a>
15		«ДОСБОЛЛИКЕ»кө ңілді үзіліс	<a href="https://www.facebook.com/share/p/WfjfyUdfvqZDa1m/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/p/WfjfyUdfvqZDa1m/?mibextid=WC7FNe</a>
16		«Достық қолын ұсын» үзіліс	<a href="https://www.facebook.com/share/9TzeUYLTtmSgWc5D/">https://www.facebook.com/share/9TzeUYLTtmSgWc5D/</a>
17		«ДОСБОЛЛИКЕ» видиоролик	<a href="https://www.facebook.com/share/k4Zu5Bjn7M1dy4ju/">https://www.facebook.com/share/k4Zu5Bjn7M1dy4ju/</a>
18		«ДОСБОЛЛИКЕ» видиоролик	<a href="https://www.facebook.com/share/oD2FiqJ6wNsKtDi2/">https://www.facebook.com/share/oD2FiqJ6wNsKtDi2/</a>
19		«Әке жолы-ізгі жол» спорттық сайыс	<a href="https://www.facebook.com/share/7CSj5zpHoPjNqTTf/">https://www.facebook.com/share/7CSj5zpHoPjNqTTf/</a>
20		«Бір- мақал, бір бауырсақ» танымдық айдар	<a href="https://www.facebook.com/share/v/kBmWXPnb76bFb4Ke/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/v/kBmWXPnb76bFb4Ke/?mibextid=WC7FNe</a>
21		«Алтын жүрек» челлендж	<a href="https://www.facebook.com/share/v/9iapzrmL7bodfETt/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/v/9iapzrmL7bodfETt/?mibextid=WC7FNe</a>
22		«ДОСБОЛЛИКЕ» ұстаздарға арналған видиоролик	<a href="https://www.facebook.com/share/7Q5Djqk1JmzuapNV/">https://www.facebook.com/share/7Q5Djqk1JmzuapNV/</a>
23		«Алтын жүрек» челлендж	<a href="https://www.facebook.com/share/v/LA3Rj2AhmGJdYkoa/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/v/LA3Rj2AhmGJdYkoa/?mibextid=WC7FNe</a>
24		«Қайырымдылық» таза аула	<a href="https://www.facebook.com/share/v/bSa87bB5b3QafATG/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/v/bSa87bB5b3QafATG/?mibextid=WC7FNe</a>
25		«Ұлттық киім күні»ұлттық киімдер насихаттау	<a href="https://www.facebook.com/share/p/6c92kSwxtuYJExJT/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/p/6c92kSwxtuYJExJT/?mibextid=WC7FNe</a>
26		«Нұр Наурыз- халық тойы» наурыз мерекесіне орай мерекелік көңцерт	<a href="https://www.facebook.com/share/r/eUXogLxUXK6fsy52/">https://www.facebook.com/share/r/eUXogLxUXK6fsy52/</a>
27		«Достығы жарасқан туған елім» мерекелік концерт	<a href="https://www.facebook.com/share/r/wkr4wBoQnVdj62sy/">https://www.facebook.com/share/r/wkr4wBoQnVdj62sy/</a>
28		«Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына салтанатты түрде қабылдау	<a href="https://www.facebook.com/share/v/FMZBFu439Jw4sWpV/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/v/FMZBFu439Jw4sWpV/?mibextid=WC7FNe</a>
29		«Таза Қазақстан»экологи ялық акция	<a href="https://www.facebook.com/share/p/ZLZkvs6JdLqxFFBP/?mibextid=WC7FNe">https://www.facebook.com/share/p/ZLZkvs6JdLqxFFBP/?mibextid=WC7FNe</a>
30		15 мамыр «Аналар күні» сурет көрмесі	<a href="https://www.facebook.com/share/r/ymvq4ymip6cxKZZT/">https://www.facebook.com/share/r/ymvq4ymip6cxKZZT/</a>

2022-2023 оқу жылының Жас Ұлан ұйымының жоспары

<https://cloud.mail.ru/public/NHPt/quP9GDXwU>

2023-2024 оқу жылының Жас Ұлан ұйымының жоспары

<https://cloud.mail.ru/public/rug1/bmrn1FtJk>

2024-2025 оқу жылының Жас Ұлан ұйымының жоспары

<https://cloud.mail.ru/public/aYW6/XMzpVMB5r>

Мектепте мектептің әлеуметтік паспорты жүреді. Яғни, оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр оқушының әлеуметтік картасы жасалып, сол бойынша мектептің әлеуметтік төлқұжаты жасалды.


2022-2023 жылы мектеп бойынша баланың жалпы саны 95. Көпбалалы отбасындағы оқушылар саны 32 бала, аз қамтылған отбасындағы оқушылар саны 0 бала, толық емес отбасыдан шыққан бала саны 1. 3 отбасылық балалар үйі бар. Отбасылық балалар үйінің тәрбиеленушілері саны 18.

2023-2024 жылы Мектеп бойынша баланың жалпы саны 89. Көпбалалы отбасындағы оқушылар саны 30 бала, аз қамтылған отбасындағы оқушылар саны 0 бала, толық емес отбасыдан шыққан бала саны 3, отбасылық балалар үйінің тәрбиеленушілер саны 15.

2024-2025 жылы мектепте жалпы оқушылар саны 83. Әлеуметтік паспортқа сәйкес 38 білімалушы толық отбасынан, көпбалалы отбасыдан 27 білімалушы

2024 жылдың 29 наурыз айында баланы (балаларды) қабылдаушы отбасына тәрбиелеуге беру туралы келісім шарт 15 білімалушыға жасалынды (№ 1-15).

### Мектеп бойынша білім алушылардың әлеуметтік жағдайының 3 жылдық көрсеткіші



Әлеуметтік мәртебесі	Толық отбасы	Толық емес отбасы	Анасы жоқ балалар	Әкесі жоқ балалар	Көпбалалы отбасы	Аз қамтамасыз етілген отбасы	Баланы қабылдаушы отбасы тәрбиеленушілері
2022-2023	63/95	1	0	0	12/95	0	19/22
2023-2024	42/89	3	0	0	30/89	0	14/17
2024-2025	41/83	0	0	0	27/83	0	15/16

**«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы бойынша**

көмекпен қамтылған білім алушылар  
мониторингісі

	Саны (оқушы)	2022-2023 оқу жыл	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Қаржылай көмек Алғандар (кәсіподақ ұйымы)	11 білім алушы 6 білім алушы  9 білім алушы 6 білім алушы	110.000 тг 120 000 тг	90.000	60 000
Материалд ы қ көмек алғандар (мектеп формасы, кеңсе құралдары және т.б.)	12 білім алушы  9 білім алушы  20 білім алушы	30.000 тг	57.435 тг	196.570 тг
№64 қаулыға сәйкес қаржылай көмек алғандар	22 білім алушы  17 білім алушы  18 білім алушы	37389 тг /822 558/	40567тг /689 639/	43407 тг /781 326/
Жалпы		1 082 558 тг	837 074 тг	1 037 896 тг

"Мектепке жол" республикалық дәстүрлі қайырымдылық акциясы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №780 Жарлығымен жарияланған «Балалар жылын» іске асыру шеңберінде балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында ұйымдастырылды. Акция мақсатына сәйкес іс-шаралар жоспары құрылып, хабарландырулар жарияланды. Қамқорлық акциясына жергілікті ауыл әкімшілігінің қолдауымен шаруа қожалық жетекшілері, мектеп мұғалімдері, жеке тұлғалар демеушілік танытып, ат салысты.

2022-2023 оқу жылында аудандық білім бөлімінің кәсіподақ ұйымы тарапынан мектептің кәсіподақ мүшелерінің мектеп бітіретін білімалушыларына 10.000 теңге көлемінде 2 отбасына қаржылай көмек берілсе, 2023-2024 оқу жылында 1-сыныпқа қабылданған 5 білімалушылардың ата-аналарына 10.000 тг қаржылай көмек берілді.

2023-2024 оқу жылында аудандық білім бөлімінің кәсіподақ ұйымы



тарапынан мектептің кәсіподақ мүшелерінің мектеп бітіретін білімалушыларына 10.000 теңге көлемінде 4 отбасына қаржылай көмек берілсе, 2024-2025 оқу жылында 1-сыныпқа қабылданған 2 білімалушылардың ата-аналарына 10.000 тг қаржылай көмек берілді.

Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына, көпбалалы отбасы білімалушыларына, баланы қабылдаушы отбасы тәрбиеленушілеріне жалпы соммасы 196570 (жүз тоқсан алты мың бес жүз жетпіс) теңгені құрайтын мектепке қажетті оқу құрал-жабдықтары, сумка, аяқ-киімдер, жеке юбка-шалбарлар берілді. Әрине, бұл көмек жеткіліксіз. Себебі көмекке мұқтаж ата-аналар баршылық. Бұл акция әр оқу жылы қарсаңында тек екі ай ғана емес, жыл бойы іске асады.

2022-2023 оқу жылында Облыс әкімінің шыршасына отбасылық балалар үйінің тәрбиеленушісі 6-сынып оқушысы Ахметова Ақнұр Жумагельдиевна қатысып, жаңа жылдық сыйлықпен және тәттілермен оралды.

Мектептің педагогикалық кеңесінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, оқушыларды тегін жазғы қала лагерьмен қамту бойынша мәселелер қаралды.

2022-2023 оқу жылында жазғы мектеп алаңына көп балалы отбасы балалары қорғаншылық пен қамқорлықтағы яғни әлеуметтік статусқа ие балалар тізімі жасалып, мектебімізден 30 бала қамтылды. Қала сыртындағы лагерьге 3 бала барып қайтты.

2023-2024 оқу жылында жазғы мектеп алаңына балалар тізімі жасалып, мектебімізден 30 бала қамтылды. Қала сыртындағы лагерьге 5 бала барып қайтты.

## 2-жылғы мектеп алаңымен қала сыртына тартылған білімалушылар

Оқу жылы	Әлеуметтік қорғалмаған білімалушылар	Қала сыртындағы лагерь	Барлығы
<b>2022-2023</b>	30	3	<b>33</b>
<b>2023-2024</b>	<b>30</b>	<b>5</b>	<b>35</b>

Мектебімізде жалпыға бірдей білім беру қорынан ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысына сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларды бір мезгіл ыстық тамақпен қамту жұмыстары жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында 95 оқушының 57 білімалушы тегін ыстықпен қамтылып отыр. Оның ішінде 1-4 сыныптан 45 білімалушы, (47%) және әлеуметтік қорғалмаған-12 білімалушы, (12,6%). Жалпы 56,1%

көрсеткішті құрайды.

2023-2024 оқу жылында 89 оқушының 50 білімалушы тегін ыстықпен қамтылып отыр. Оның ішінде 1-4 сыныптан 41 білімалушы, (46%) және әлеуметтік қорғалмаған-9 білімалушы, (11%). Жалпы 60% көрсеткішті құрайды.

2024-2025 оқу жылында 83 оқушының 48 білімалушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. 1-4 сыныптан 35 білімалушы, (42%) және әлеуметтік қорғалмаған-13 білімалушы, (16%). Жалпы 58% көрсеткішті құрайды.

### «Жалпыға бірдей білім беру» қорынан тамақ ішетін білімалушылардың 3 жылдық көрсеткіші

Оқу жылы	Жалпы бала саны	1-4сынып	Әлеуметтік қорғалмаған	%
2022-2023	95/57	45	12	60
2023-2024	89/50	41	9	56,1
2024-2025	83/48	35	13	58

Психологиялық –педагогикалық қолдау қызметтің жұмысын талдау  
2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары

**Психологиялық қызметтің мақсаты:** Мектепте қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру және оқу процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету арқылы оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал ету.

#### **Психологиялық қызметтің міндеттері:**

\* Педагогтерге әлеуметтік – психологиялық диагностика негізінде білім алушылармен жеке жұмыс жасаудың тәсілін ұйымдастыру процесінде көмек көрсету;

\* Оқу – тәрбие процесіне қатысушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, олардың өзін-өзі дамытуна, өзін-өзі тәрбиелеуіне, психологиялық тұрғыдан көмек көрсету және ақпараттық қоғамның жылдам дамуына олардың табысты әлеуметтендіру қабілетін қалыптастыру.

\* Ата-аналардың психологиялық білімдерін ағарту және кеңейту. Жеке тұлғаны қалыптастыру кезіндегі жанұяның атқаратын ролін анықтау, психологиялық қолдау білдіру.

Міндеттер мен мақсаттарды орындау төмендегі бағыттар арқылы жүзеге асырылады:

- ❖ ПСИХОДИАГНОСТИКА
- ❖ ПСИХОПРОФИЛАКТИКА
- ❖ ПСИХОКОРРЕКЦИЯ
- ❖ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕР
- ❖ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ

Қазіргі уақытта жұмысты тиімді ұйымдастырудың механизмі ретінде

психологиялық қызметке ерекше көңіл бөлінуде. қолданылатын негізгі зерттеу әдістері: байқау, бақылау, тест, сауалнама.

Психологиялық жұмыстар негізінен мынандай бағыттарда жүзеге асырылады:

- 1 сынып оқушыларының жаңа ортаға бейімделуіне қолдау жасау;
- оқушының оқу процесіне даярлығын анықтап, қорытындылап, педагогикалық кеңеске ұсынылады;
- оқушыларының логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерінің ерекшеліктерін анықтап, қорытындылап, педагогикалық кеңеске ұсынылады;
- оқушылардың өзара қарым-қатынасын анықтау, сынып ішіндегі қарым-қатынас деңгейін анықтау;
- орта буынға көшетін бастауыш түлектерінің дайындық деңгейін анықтау;
- 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау және бейімделулеріне психологиялық көмек көрсету;
- оқушылардың қызығушылықтарына байланысты сәйкес мамандық таңдауға ұсыныс беріледі;
- 9-11 сыныптарда мамандық таңдауға байланысты, оқушылардың кәсіптік икемділігін анықтау мақсатында оқушыларға «Мамандық таңдауда қателесуге бола ма?» атты ойын-жаттығулар өткізіліп, соған байланысты оқушы психологиялық типіне қарай, өзіне сай келетін және сол салада табысқа жететіндей мамандық таңдай алу оқушылардың танымдық қызығушылықтары зерттелінеді;

**4.5 «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы игеру.** ҚР Оқуағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 25- тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3- қосымшасының 56 тармағы 6-тармақшасы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), сәйкес келеді. 4-қосымшасының 50 тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу процесі кезінде жүргізілетін және міндетті болып табылатын «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұнының инвариантты оқу пәндерінің аясында жүргізілуіне талдау жасау үшін «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбеліктақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары зерделенді. Жалпыға міндетті білім беру стандартында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы 1-4 сыныптарда дүниетану оқу курсының аясында 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағаттық, 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» курсы аясында 12 сағаттық жылдық жүктемемен жүзеге асырылуы өзін-өзі бағалауға енген оқу жылдарында 100% орындалған.

**4.6.«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру** ҚР Оқуағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті 110 стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 26- тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға

міндетті стандарты), 3- қосымшасының 38 тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сай жүреді. Жалпы міндетті білім беру стандартына сәйкес «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 1-4 сыныптарда - 6 сағат, 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының сынып сағаттарымен кіріктіріліп журналға толтырылған. Сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілерімен іске асырылатын «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының орындалысы «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы зерделеніп, нәтижесінде «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының өзін-өзі бағалауға енген оқу жылдарында 100% орындалғандығы анықталды.

- әр сыныптағы зерттеулер нәтижесі бойынша мұғалімдерге оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктері, ойлау қабілеті, темпераменттері т.б. жайлы мағлұмат беріліп, оқушымен тиімді жұмыс жасаудың жолдары ұсынылады;

- әлімжеттілік пен өз-өзіне қол жұмсауды алдын алуда оқушыларға, педагогтарға, ата-аналарға кешенді шаралар ұйымдастырылады;

- Әр тоқсан сайын ата-аналар жиналысында психологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесімен таныстырып, жеке кеңестер беріледі;

Жалпы психологтың үш жылдық зерттеу жұмыстары бастауыш, орта және жоғарғы буындарда бөліп қарастырылған.

Кәсіптік ой-ниетін зерттеу нәтижелері бойынша біз жылдан жылға дейін көрсеткіштердің өсуін байқаймыз. Тест бойынша жақсы көрсеткіштер оқушылардың логикасының ойлау компоненттерінің жақсы қалыптасуын көрсетеді. Сонымен қатар 9-11 сынып оқушыларының мамандық таңдауға байланысты, оқушылардың кәсіптік икемділігін анықтау мақсатында «ҰБТ байланысты жүргізілген» тесті, «Реактивті мазасыздануын бағалау» әдістемесі, «Сіз қаншалықты өз-өзіңізге сенімдісіз?» тесті, соған байланысты оқушы психологиялық типіне қарай, өзіне сай келетін және сол салада табысқа жететіндей мамандық таңдай алу үшін оқушылардың танымдық қызығушылықтары зерттелінді.

Кәсіптік бағдарға байланысты 9-11 сынып оқушыларына дұрыс бағдар беруде әр жыл сайын психологиялық көмек көрсету мақсатында ойын-жаттығулар ұйымдастырылуда. «Мамандық-таңдауда қателесуге бола ма?» тақырыбында ойын-жаттығулар өткізілді. Оқушыларға өмірден өз орнын дұрыс таба білу туралы маңызды мағлұматтар беріп, мамандық таңдауда ең бастысы нені алдыға қою қажеттігіне тоқталынды. Дөңгелек үстел «Мен және менің сүйікті мамандығым» деп аталатын ойын-жаттығулармен аяқталды.

Педагогикалық ұжыммен де арасында ынтымақтасты қалыптастыру, ұжымның бірлесе жұмыс атқаруына ықпал ету үшін тренингтер мен психологиялық ойындар жүргізілді. Атап айтқанда ұстаздар арасында «Білім мекемелерінде қақтығысты (конфликт) алдын алу» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Аттестациядан өтетін ұстаздармен де біраз жұмыстар жүргізілді. Жас мамандармен де психологиялық тұрғыдан жұмыстар жүргізілді.

Ата – аналар жиналысында «Ата – ананың бала тәрбиесі үдерісіндегі рөлі» атты тақырып оқылды. Ата – аналар жиналыстарына қатысып, оқушылардың жоғарыда аталған тесттер мен сауалнамалар қорытындылары әрдайым

таныстырылып отырды. Ата-аналардың сұранысы бойынша жекеленген, әрі топталған психологиялық кеңестер беріліп, ата-аналарамен кері байланыс туғызу, әрі өзінің баласының жекеленген сабаққа, пәнге деген қызығушылығын анықтау мақсатында тесттер, тренинг элементтері арнайы тақырыптарды жүргізіледі. ҰБТ-ге баланы және ата-ананы психологиялық тұрғыда дайындау, оқушылар арасында жүргізілетін зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен таныстыру, баланың жеке бастық ерекшеліктерімен таныстыру жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады.

Жоғарыда көрсетілген үш жылғы атқарылған жұмыстарды салыстырмалы түрде талдай отырып, психологиялық қызметтің мақсаты мен міндеттерін негізге ала отырып жасалған жұмыстар уақытылы әрі өз деңгейінде атқарылып отырды.

#### **4.7 Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар**

**Білімалушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы сақталуына** талдау жасау үшін «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары және мектептің жұмыс оқу жоспарлары, сабақ кестесі зерделенді. Бағаланатын кезеңдегі пән бойынша тақырыптық-күнтізбелік жоспарлар «Bilimal» автоматтандырылған басқару жүйесінің электронды журналынан тексерілді. 1-11 сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспарларында белгіленген апталық оқу жүктемесінің санының сәйкестігі сабақ кестелері мен электронды сынып журналдарындағы жазбалармен расталды. Осылайша білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі сәйкес екендігі анықталды. ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 28 тармағы (Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 40 тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 30 тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының» 1, 6,86, қосымшаларына сәйкес келеді.

сыныптар	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі(сағат)			

1	19.5	19.5	19,5
2	24	24	24
3	26	26	26
4	26	26	26
5	28.5	28.5	28,5
6	28.5	28.5	28,5
7	31.5	31.5	31,5
8	32.5	32.5	32,5
9	34	34	34
10	35	35	35
11	35	35	35

**4.8 Инвариантты және вариативті компоненттерін құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, ҮОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестілігі** бойынша білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының, инвариантты және вариативті компоненттер бойынша сабақ кестелері, «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары зерделенді.

Нәтижесінде бағаланатын кезеңдегі инварианттық және вариативтік компоненттерінде белгіленген апталық және жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі үлгілік оқу жоспарларының апталық және жылдық оқу жүктемесіне сәйкес келетіні және оқу үрдісін ұйымдастыру кезінде апталық және жылдық оқу жүктемесінің көлемі сақталғаны анықталды, ол электронды сынып журналдарындағы жазбалармен расталды. 2022-2023 оқу жылында апталық 36 сағатпен оқу процесі ұйымдастырылған. Вариативтік бөлімнен алынған курстар кестесі бекітіліп, сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылған. Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 29- тармағы, 3-қосымшасының 41-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 31-тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының» 1, 6,86 қосымшалары талаптары орындалып тұр.

4.9. **Оқу мерзіміне өлшемшарттар: тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптардың** орындалысында ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 46-тармағы, 3-қосымшасының 62-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 56- тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптары сақталып отыр. Оқу жылы бойында «Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы білім алушылардың қозғалысы туралы бұйрықтарды /қабылдау, ауыстыру / талдау нәтижелері және Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтермен салыстыру барысында бағаланатын кезең аралығында білім алушылардың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптары сақталғанын көрсетті. Мектептің педагогикалық кеңес хаттамаларында әр оқу жылының сыныптан-сыныпқа көшіру хаттамалары жазылып, оқушылар құрамы туралы бұйрықтар шығарылып отырған. 10 сыныпқа, 1 сыныпқа қабылдау талапқа сай жүрген. Негізгі орта мектепті бітіру, жалпы орта мектепті бітіру құжаттары тапсырылған.

**4.10 Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығы және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының талаптарын сақтау** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту

туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 47-48-49 тармағы (бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 63, 64-тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 57, 58-тармақтары (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына сай жүреді. Әр оқу жылының ұзақтығы мен каникул күндерін белгілеуде ҚР Оқу- ағарту министрлігінің оқу жылын бастау туралы бұйрығымен іске асып отырады.

«Bilimal» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы электрондық сынып журналдарын зерделеу барысында бағаланатын кезең аралығындағы жұмыс оқу жоспарларында көрсетілген білім алушылардың әр деңгейі бойынша оқу жылы ұзақтығының оқу аптасының үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу аптасының ұзақтығына, сынып журналындағы жазбаларда көрсетілген күндердің жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде анықталған

каникул күндерімен сәйкес келетіні анықталды. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. 1-сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі.

## 5- БӨЛІМ.ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

### 5.1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және растайтын құжаттар тізбесіне сәйкесті** мектеп Қарағанды облысының Қарқаралы ауданының білім бөлімі «Қоянды ауылының №35 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қоянды ауылдық округі, Қоянды ауылы, Алаш көшесі, 12 ғимарат мекен жайында орналасқан.

**Ғимарат түрі** - стандартты, іргетас – қиыршық бетон, қабырғалар - кірпіш, төбе – темірбетон тақтасы, шатыр - шифер, еден - ағаш, линолеум, терезе ойықтары - екі қабатты терезелер, есіктер - ағаш. Типтік жоба. Құрылыс жылы: 1980 жыл. Жобалық қуаты – 390 орын.

Жалпы ауданы – 2236,2 ш.м, пайдалы алаңы –664,9

ш.м. Құқықтық және құрылтай құжаттары

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қарағанды облысының Әділет департаменті 2024 жылғы 22 қазанда берілді

<https://cloud.mail.ru/public/7bxy/EbGT1Wr2Q>

Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама бар. Білім беру ұйымының меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуын растайтын құжат, атап айтқанда жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама бар, яғни мектептің меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтері бар.

<https://cloud.mail.ru/public/d68u/cavXMcvxa>



Жыл жы- майт ын мүлі к түрі	Кадаст рлық нөмірі	Ныса налы мақс аты (жос пар б-ша лите р)	Мекен-жай, тіркеу коды (бар болған жағдайда)	Құра уыш тар саны	Қа бат - тар сан ы	Жал пы ауда ны, көле мі, ұзын дығы	Ауданы			Бө лі- ну і (Ж У)	Ес ке рт у
							Тұ рғ ы н	Не гіз гі	Пай дал ы ала ңы		
КМ М	09:133: 049: 162: 1/А	Мект еп	Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Қоянды а.о, Алаш  көш. 12 Ғ И М . МТКО20130 0213331902	1	2	2236 ,2 м <sup>2</sup>	0,0 м <sup>2</sup>		664,9 м <sup>2</sup>		

Мектеп жарғысы : <https://cloud.mail.ru/public/KKtU/2CiBiS7QX>

Мектеп жарғысы «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ басшысының 2021 жылғы 08.01.№33 бұйрығымен бекітілген.

Мектептің техникалық төлқұжаты

<https://cloud.mail.ru/public/NXcd/71vw6i76W>

9-қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/RuTh/hY5yQNRx4>

Рұқсат етілген құжаттар

Лицензия: <https://cloud.mail.ru/public/xXNo/E4bHugFKx>

Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданының білім бөлімінің «Қоянды ауылының №35 жалпы білім беретін мектебі» КММ ұйымдық- құқықтық нысанындағы жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын, жалпы ережелерді жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады. бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

2014 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде жұмыс түрлері бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді: I қабатқа әжетханалар (6), кол жуу раковиналары (2) орнатылды.

Қазіргі уақытта 2024-2025 жылдары шатырды жөндеу, кіреберіс қабырғаның сыртқы кірпіш қаптамасын қайта қалау, әжетхана құбырын ауыстыру жұмыстары жоспарланып отыр.

Бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі мектеппен бекітіліп және Қарқаралы ауданы білім бөлімімен келісілген түгендеу тізімдемесі.

Инвентарлық тізімдеме.

<https://cloud.mail.ru/public/MXKf/tUzrTAnjh>

«Қоянды ауылының №35 жалпы білім беретін мектебі» КММ жалпы ауданы 2236,2 га дербес жер телімінде орналасқан. Мектеп алаңында қоршалған баскетбол алаңы, волейбол алаңы, спорт алаңдары бар. Аумақты абаттандыру көгалдандыру, ағаштар, бұталар, гүлзарлар отырғызу арқылы жүзеге асырылады. Мектеп кірпіштен жасалған ғимарат екі қабаттан тұрады: оқу корпусы, спорт залы және акт залы, жалпы ауданы 2236,2 шаршы метр, пайдалы алаңы 664,9 ш.м. Барлығы 20 оқу кабинеті, 8 дәретқана, 6 қол жуатын бөлмесі бар

Бастауыш сынып кабинеттері (2 дана) ауданы – 50,6 ш.м және 50,9 ш.м; мектепке дейінгі дайындық кабинеті - (1 дана) – 49,8 ш.м; көркем еңбек кабинеті - (1 дана) 50,1 ш.м, шеберхана кабинеті (1 дана) – 74,2 ш.м; дене шынықтыру кабинеті (1 дана) –15,8 ш.м; спорт зал (1 дана) – 145,2 ш.м; тарих -география кабинеттері (1 дана) –55,1 ш.м; математика-физика кабинеттері (1 дана) – 67,3 ш.м + зертханасы -19,2 ш.м; информатика кабинеті (1 дана) – 48,3 ш.м химия- биология кабинеттері (1 дана)-73,1 ш.м+ химия зертханасы (1 дана) – 13,3 ш.м;+ биология зертханасы (1 дана)- 15,8 ш.м; қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті (1 дана) – 54,2 ш.м; психологиялық қызмет кабинеті- (1 дана) 16,2 ш.м; алғашқы әскери және технологиялық дайындық кабинеті (1 дана) – 50,5 ш.м + заттар мен мүліктерін сақтау бөлмесі –14,8 ш.м; орыс тілі мен әдебиеті-ағылшын тілі-ЛМК кабинеті (1 дана) – 43,4 ш.м; кітапхана/оқу залы (1 дана) – 40,9 ш.м; медициналық кабинеті – 19,0 ш.м + екпе кабинеті – 4,68 ш.м; асхана – 31 ш.м, акт залы – 121,3 ш.м. Шағын орталық кабинеттері (1 дана) – 93,3 ш.м; жатын бөлмесі – 50,9 ш.м;

ҚР Оқу – ағарту министрлігінің 2022 ж.31тамыздағы «Тиісті типтердегі және мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №385 бұйрықтарға сәйкес пәндік кабинеттермен, зертханалармен, спорт залдарымен жабдықталған.

Физика, химия, биология пәндері бойынша оқу-зертханалық жабдықталу көрсеткіші- «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен сәйкестілігі– физика кабинеті 50 % ды, биология кабинеті - 75 %-ды, химия кабинеті -97% -ды құрады.

Жалпы мектепке жаңа модификациялық кабинеттер қажет. Мектеп қолданыстағы санитарлық нормалар мен өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келеді. № ҚР ДСМ-76-бұйрықпен бекітілген ауыз су бұрқақтары бар. (аталған талап 31.01.2023 жылдан бастап күшіне енгізілген); Сумен жабдықтау- орталықтандырылған, ыстық сумен қамтамасыз етілген, канализация - 2, мектептің жылуы сыртта орналасқан от жағу қазандығына қосылған.

Мектеп ғимараты ыстық және суық сумен қамтамасыз етілген. Үй- жайларды жабдықтау деңгейі білім беру ұйымдарына қажетті нормалар мен стандарттарға сәйкес келеді.

2021-2024 жылдар аралығында мектептің материалдық-техникалық базасы нығайтылуда. Осы уақыт ішінде мыналар: робототехника құрал-жабдықтары, химия-1 кабинеті жабдықталды. Негізгі функцияларын орындау және қауіпсіздік режимін сақтау үшін шеберханаларда қауіпсіздік ережелері сақталған. Бірінші қабатта шеберхана және көркем еңбек кабинеттері орналасқан. Сонымен қоса, спорт зал бірінші қабатта, 2 киіну бөлмесі, 1 жаттығу залы бар. Дене шынықтыру пәні спорт залында өткізіледі. Дене шынықтыру бағдарламасын жүзеге асыру үшін белгілі бір мөлшерде спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Дегенмен де жаңартуды қажет етеді. Мектеп жанында баскетбол алаңы, волейбол алаңы, спорт кешендері, ойын алаңы бар.

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен және Қарағанды облысының білім басқармасының 2023 жылғы 16 ақпандағы № 91 бұйрығына сәйкес іс-әрекеттер алгоритмі әзірленіп, бекітілді.

Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін №32 және №49 бұйрықтарға сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы талапқа сай. 16 бейнебақылау камерасы (6 сыртқы камера және 10 ішкі бақылау камерасы) бар бейнебақылау жүйесі бар.

Бейнебақылау келісім шарты

<https://cloud.mail.ru/public/MXKf/tUzrTAnjh>

Қауіпсіз жағдайларды жасау үшін кіруді басқару және басқару жүйесі бар жабдықтар кешені, дауыстық хабарлауы бар өрт дабылы жүйесі бар. Дауыстық ескерту жүйесі, дүрбелең түймесі орнатылған.

Ғимаратқа кіретін жолдар өрт қауіпсіздігінің барлық талаптарына сай келеді. Жұмыс істейтін өрт дабылы жүйесі және автоматты өрт және апаттық хабарлау жүйесі, дауыстық хабарлау және төтенше жағдайда дабыл түймесі бар.

Төтенше жағдайлар тәртібі және орындалуы. Тексеру нәтижелері

туралы акт. Дабыл түймесі туралы келісім шарт.

<https://cloud.mail.ru/public/QmaG/Pi9qEre1z>

Төтенше жағдайлар нәтижесі туралы акт

<https://cloud.mail.ru/public/1poG/xpChfhjgr>

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды

<https://cloud.mail.ru/public/1poG/xpChfhjgr>

Ғимарат медициналық пунктпен жабдықталып қамтамасыз етілген. ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» 07.04.2017 жылғы № 141 бұйрығына сәйкес медициналық қызметке лицензия бар және балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарт жасалған.

Бірінші қабаттағы лицензиясы бар медициналық пункт (2021 жылғы 30 наурыздағы № 21013603 лицензия) алаңы 23,68 ш.м, екі бөлмеден тұрады: қабылдау бөлмесі және екпе бөлмесі. Медициналық қызмет көрсету және екпе кабинеттері қажетті құрал-жабдықтармен (тоназытқыш, кушетка, медициналық үстелдер, шкаф) жабдықталған. Медициналық пункт санитарлық-гигиеналық нормаларға сай жиһаздармен, дәрі-дәрмекпен және құрал-жабдықтармен жабдықталған, балаларға медициналық қызмет жүзеге асырады.

10 қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/a2Mg/FRu3KsQr5>

Мемлекеттік қызмет көрсету келісім шарты және медициналық қызметке лицензия

<https://cloud.mail.ru/public/KLMn/u5pXyEnv2>

Медициналық қызметкердің сертификаты

<https://cloud.mail.ru/public/s1YA/PsjdhdmLL>

Edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметі, келісім шарты

<https://krguo.edu.kz/index/fromorg/437>

Домен. Қызмет көрсету келісім шарты

<https://cloud.mail.ru/public/wDbx/eou269k5G>

Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәлімет:

Бастауыш сыныптағы білімалушылар саны	1- ауысым	2- ауысым
35	15	20
Жеке пайдалануға арналған шкаф саны	10	

Ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар үшін жағдайлардың болуы

туралы мәліметтер №6 бұйрықпен бекітілген ғимараттарда ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу) іске асырылған.

Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтерге сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін кіре беріске пандус орнатылған, баспалдақтың бірінші және соңғы сатыларының контраст түстермен боялар.

Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объекті- асхана жұмыс жасайды. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін: Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес бекітілген білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде ғимараттарда (оқу корпусарында) білім алушыларға арналған тамақтандыру объекті бар. 16 орындық асхана бар, ол қажетті жиһазбен және жабдықтармен қамтамасыз етілген, бұл 11-қосымшаның және ҰБДБ базасының мәліметтерімен расталған. Тамақтандыру объектісінің санитарлық эпидемиологиялық сәйкестігі туралы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның №KZ32YWF00042262 санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы 25.09.2024 ж. берілген. ИП Қалиева А.А. ЖСН 990407450674

11 қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/CQbC/AzeVEZCdQ>

Асхана.Қызмет көрсету келісім шарты

<https://cloud.mail.ru/public/XoSS/nNwQphUoG>

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды

<https://cloud.mail.ru/public/Y6e7/x6Ez9c3bb>

## **6. БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНАЛЫҚ ҚОР**

**Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшем шарттар:**

**6.1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкесті растайтын құжаттар тізбесін сақтау бойынша** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларына сәйкес кітапхана қоры бар. Оқулықтар мен кітап қорын пайдалануда ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 27-тармағы (Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшаның 39-тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 29 тармағына(Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) сақталады.

Кітапхана – оқушылардың сапалы білімінің кепілі. Осыған байланысты оқушылардың қабілеттерін, жеке ерекшеліктерін бейімділіктерін ескере отырып, олардың танымдық, ұлттық құндылықтарын, тәжірибелік іс- әрекеттерін арттыру мақсатында кітапханадағы жұмыстар ата –ана, ұстаздар ұжымымен тығыз байланыста жүргізіледі. Білім беру ұйымындағы кітапхана – мектептің білім беру саласындағы мәдени, ақпараттық, ағартушылық және тәрбиелеу орталығы болуы керек.

Кітапханалық қызмет мектеп кітапханасының жұмысын реттейтін құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады: «Білім туралы» Заң, «Білім беру кітапханасы туралы ереже», «Кітапхананы пайдалану ережелері», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы

№391 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымның білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі;

"Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар тізбесін бекіту туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, 2023 жылғы 3 тамыздағы №246 өзгерістер енгізілді, "Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 19.01.2016 жылғы № 44 бұйрығына 07.08.2023 №250 өзгерістер енгізілді.

"Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №91 бұйрықтары 03.07.2023 ж. түзетулермен № 194

Мектеп кітапханасы Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданы білім бөлімінің «Қоянды ауылының №35 жалпы білім беретін мектебі» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қоянды ауылдық округі, Қоянды ауылы, Алаш көшесі, 12 ғимаратының 2-қабатында орналасқан. Кітапхана ауданы - 40кв/м. Оқу залы -12 орындықпен жабдықталған. Оқулықтар қоры жеке 10кв/м қоймада орналастырылған. Кітапханада 1 компьютер, стеллаж -2 дана, кітап стеллажы -7 дана, кітапханашының жұмыс столы -1 дана, стеллаж ветрина - 1 дана, оқырман столы-6 дана, өрт сөндіру құралы – 1 дана.

Кітапхананың негізгі міндеттері, оның есепті кезеңдегі жұмыс бағыты келесідей болды:

## I. Міндеттері:

Әр түрлі ақпарат құралдарында құжаттар қорын қалыптастыру, сақтау және басқару, оқырмандар үшін кітапхана қызметтерінің сапасын арттыру.

Үздіксіз білім беру мен өзін-өзі тәрбиелеудің негізі ретінде оқуға деген тұрақты қажеттілікті қалыптастыру және сол арқылы қоғамның зияткерлік элитасын құруға үлес қосу;

Саяси мәдениет пен толеранттылықты қалыптастыру, азаматтық-саяси және әскери-патриоттық тәрбие беру.

Қазақ жазушыларының шығармашылығын зерттеу, насихаттау орталығын қалыптастыру (мектеп бағдарламасына көмек ретінде);

Оқушылардың ақпараттық және ішкі мәдениетін арттыру үшін оқу қызметін ынталандыру;

Оқушының оқу басымдықтарын және оның қызығушылық шеңберін ынталандыру арқылы кітапқа деген оң көзқарасты, оқу қажеттілігін тәрбиелеу;

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Кітап пен оқуды насихаттау.

Жеке тұлғаның интеллектуалды және рухани дамуының қайнар көзі ретінде кітап пен оқуды насихаттау.

### Кітапхана қоры

Әмбебап. Балаларға, жасөспірімдерге, балалар оқу жетекшілеріне арналған ғылыми-танымал, анықтамалық, салалық, көркем әдебиеттермен; оқу-тәрбие процесінің қазіргі заманғы міндеттерін ескере отырып мерзімді басылымдармен, сондай-ақ мұғалімдерге арналған оқулықтармен, оқу құралдарымен, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттермен жасақталған.

	<b>2022-2023</b>	<b>2023-2024</b>	<b>2024-2025</b>
Жалпы қор:	8511	9215	9672
Оқулық:	1261	1909	2268
(оның ішінде қазақ тілінде)	773	1388	1579
(оның ішінде орыс тілінде)	240	265	289
(оның ішінде өзге тілінде)	248	256	400
Көркем әдебиет	7250	7306	7404
(оның ішінде қазақ тілінде)	5431	5487	5585
(оның ішінде орыс тілінде)	1612	1612	1612
(оның ішінде өзге тілінде)	207	207	207
Электронды оқулықтар	57	60	60




Ерекше білімді қажет ететін оқушыға арналған оқулық	-	-	-
-----------------------------------------------------	---	---	---

2022-2025 жылдар аралығында - 154 дана, 2022- 2023 жылы - 56 дана, 2023-2024 оқу жылы 98 дана, көркем әдебиет алынды. Балалар әдебиеті, энциклопедия, ғылыми-танымдық әдебиеттер бойынша көркем әдебиет қоры толықтырылды. Оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылықтың артуына әсер етеді.

Мектеп оқушылары оқулықтармен 100% қамтамасыз етілген. Жетіспейтін оқулықтар жиынтығын Қарқаралы ауданы мектептерімен кітап алмасу АКТ жасалып, ауысып алынып отырады.

2024-2025 оқу жылына жанадан Мектеп алды сыныбына, 1 сыныпқа жұмыс дәптерлері, 3 сынып оқулықтары, 5,6,7 сыныптарға ағылшын жұмыс дәптерлері алынды. Барлық оқушылардың 100% қамтамасыз ету үшін 3, 5, 7, 10, 11 сыныптарға мектептер арасында алық-берік актісі жасалып оқушылар толық оқулықпен қамтылды.



Сондай-ақ, кітапхана мерзімді басылымдарға уақтылы жазылу арқасында газеттер мен журналдардың жаңа түсімдерімен толықтырылуда. 2022 жылы -9 басылым алынды. 2023 жылы- 4 басылым. 2024 жылы-8 басылым.

Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету жөніндегі мәліметтер, негізгі бақылау көрсеткіштері Қазақстан Республикасының ҰБДБ (ұлттық білім беру деректер базасы) енгізіледі. Оқу әдебиеттерінің болуы туралы мәліметтер Bilimal жүйесіне енгізіледі. Кітапханада кітап пен оқуды насихаттау, дәстүрлі және дәстүрлі емес әдістерді қолдана отырып, әртүрлі санаттағы топтардың оқырмандары үшін ақпараттық кеңістікті кеңейту бойынша белсенді және тиімді жұмыс жүргізілуде (интернетті белсенді пайдалану, Біз Instagram, facebook парақшаларында көптеген іс- шараларды жариялаймыз). Кітапханалық қызметтердің сапасы мен спектрін кеңейту және жақсарту негізінде балалар арасындағы ақпараттық теңсіздікті жою бойынша жұмыстар жандандырылуда.

Кітапхана пайдаланушылардың рухани және интеллектуалдық



өсуге, өзін-өзі тәрбиелеуге, оны әлеуметтік-мәдени ортаға кітап оқу және ақпарат тасымалдаушылардың басқа да түрлері арқылы интеграциялауға деген қажеттіліктеріне тиімді қызмет көрсетеді және қанағаттандырады.

2022-2025 оқу жылы бойынша қорытынды көрсеткіші:

	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Кітаптың берілуі:	2136	1916	560
Кітапханаға келу саны:	1068	958	280
Оқырман саны:	120	100	53

12- қосымша

<https://cloud.mail.ru/public/znUy/4oxLKezBu>

2022/2023 оқу жылының оқулықтар қоры

<https://cloud.mail.ru/public/SGSW/Sf34wXNEm>

2023/2024 оқу жылы оқулықтар қоры

<https://cloud.mail.ru/public/hTnC/1b77H3911>

2024/2025 оқу жылы оқулықтар қоры

<https://cloud.mail.ru/public/joSV/FArFpguhQ>

Есепті жылы кітапхананың жұмысы және оның мүмкіндіктері туралы жүйелі түрде жеке әңгімелер өткізілді. 1-сыныптар үшін кітапханаға саяхат жүргізіліп, онда балалар кітапхананы пайдалану ережелерімен таныстырылды. Кітапхана жұмысы жұмыс жоспары мен кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдерімен бірлесіп

«мен оқыған кітапты сен де оқы» жобасы бойынша іс-шаралар өткіземіз. «Бір отбасы – бір кітап» оқу акциясы бойынша Набияновтар отбасы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым - Қожа» шығармасы бойынша аудандық байқауға қатысып, жүлделі 2-ші орын иеленді. Әріптесіміз Нурахметова Нургайша Максұтовна Республикалық «Кітап оқы» акциясына қатысып қатысқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

Келесі іс-шаралар өткізілді:

«Біз оқыдық, сен де оқы» буккросинг

«Не, қайда, қашан?» зияткерлік ойын

«Кітапхана білімпаздар мекені» көрме

«Жүзден жүйрік – мыңнан тұлпар» зияткерлік ойын

«Ертегілер еліне саяхат» ертеңгілік

«Кім тапқыр» логикалық ойын

«жана кітаппен жүздесу» жаңадан түскен кітаптармен таныстыру

«Жерлес ақындар жырлайды» поэзия кеші

«Зұлмат жылдар зардабы» еске алу кеші

«Менің сүйіп оқитын кітабым» презентация

Мектеп 2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Оқуға кұштар

мектеп» жобасын жүзеге асырылып келеді.

Жобаның мақсаты: Жас ұрпақтың бойына елжандылық пен ұлттық құндылықты, азаматтық, рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Ата-аналар мен оқушы, мұғалімдердің оқу мәдениетін, оқу сауаттылығын, оқу белсенділігін арттыру. Ата-аналарды балаларының кітап оқуға белсенділігін қолдауға тарту, оларға отбасылық бос уақыты кітап оқу ортасына айналдырып, рухани қарым-қатынас жасауға көмек көрсету. Отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жалғастыру.

Жыл сайынғы ақын-жазушылардың атаулы мерей тойлары, сыныптан тыс шаралар, тәрбие сағаттары, мектепшілік іс-шаралар «Буккросинг» бұрышында өту дәстүрге айналған.

2021-2024 оқу жылдары арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарылған іс-шаралар мектептің Facebook және Instagram парақшаларында жарияланады, «Атаулы күндер» ақпараты бойынша оқушылар мен ұстаздарға арналып ай сайын көрме ұйымдастырылып отырады. Онда ақын- жазушылардың өмірі және шығармашылығына, туындыларына байланысты ақпараттар жасақталған.

Кітапханада кітап қорын сақтау жұмыстары жүзеге асады. Әрбір сыныппен оқулықты таза ұстау, беттерін жыртпай, мұқабаларын тыстап күнделікті сабақта дұрыс қолдану бойынша ескерту шаралары жүргізіліп отырады.

14-ақпан «Кітап сыйлау күні» байланысты оқушылар мен ұстаздар арасында үнемі байланыс болып, оқырмандар кітапхана қорына кітап сыйлау дәстүрі жалғасын тауып келеді.

Кітапхананың жұмысын «Кітапхан ісі» арнаулы-орта білімі бар кітапханашы жүргізеді, жалпы жұмыс өтілі- 7 жыл, жасы 34 де. Жалпы, мектеп кітапханасының жұмысы жеткілікті деңгейде бағаланады және қызметтің барлық бағыттарына сәйкес келеді.

## **Бөлім-7 Білім алушылардың білімін бағалау**

### **7.1. Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:**

Мектепте бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім берудің тиісті деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқудан күтілетін нәтижелер) басты мәселе болып табылады. Білім сапасын қамтамасыз ету, әр білімалушының стандартты игеруі – негізгі ұстаным болып табылады. Әрбір білім беру саласы бойынша күтілетін нәтижеге бағытталған оқыту мен тәрбиелеуді іске асыруда мектеп ұжымы әр оқу жылының мақсат, міндеттерін жылдық жұмыстың проблемалық бағдарлы талдаулары негізінде айқындап отырады. Оқытудың күтілетін нәтижелері-білім алушының оқу процесі аяқталғаннан кейін, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін, қабілеті мен мүмкіндіктерін ескере ескере отырып, нені білетінін, түсінетінін, көрсететінін білдіретін құзыреттер жиынтығы болып табылады.

Электрондық сынып журналдарын зерделеу барысында мектепте қорытынды аттестаттау негізгі орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін 9 сынып оқушылары үшін және жалпы орта білім беру деңгейінде 11-сынып оқушылары үшін өткізілген қорытынды аттестаттау бағалары қойылған, хаттамалары толтырылған, журналдағы баға, хаттама және аттестатқа қойылған бағалар сәйкес.

2022-2023 оқу жылындағы қорытынды емтихан хаттамалары

<https://cloud.mail.ru/public/6STs/THd6onzyw>

2023-2024 оқу жылындағы қорытынды және аралық емтихан хаттамалары

<https://cloud.mail.ru/public/Pbe2/ZwaJNypvh>

<https://cloud.mail.ru/public/g374/zzSfcEanW>

<https://cloud.mail.ru/public/XbHq/jh6zvSvps>

Негізгі орта және жалпы орта білім беру курсы үшін қорытынды аттестаттау хаттамалары бар, емтихан және қорытынды бағалар қойылған, бұл негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес 18.03.2008 жылғы № 125 бұйрық негізінде мектепте қорытынды аттестаттау талапқа сай өткізіліп отырады.

Қорытынды аттестаттау қорытындысы педагогикалық кеңесте талданып, кемшіліктер мен ұсыныстар келесі оқу жылында назарға алынады.

Демек, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 3-қосымшасының 46-61 тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 35-55 тармақтары (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптары орындалып тұр.

Білім алушылардың 3 жылдағы үлгерімі мен білім сапасы: Үлгерім - 100%

Сыныптар /сапа %	1-4 (%)	5-9 (%)	10-11 (%)	жалпы
2022-2023 оқу жылы	58	62,7	55,5	60,2
2023-2024 оқу жылы	62,8	58,8	50	59,26
2024-2025 оқу жылы I тоқсан	60,7	57	54	57,9

Білім сапасының мониторингі соңғы 3 жылда орта есеппен - 59,12 % көрсетті.

**Пәндер бойынша сапа көрсеткіштері:**

Пәндер/ сыныптар	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы I тоқсан
Қазақ тілі	76,8	69	67,7
Қазақ әдебиеті	92,3	84	79,6
Орыс тілі/әд	73,3	69	69,5

Алгебра	71	64	61,3
Геометрия	72	57	56,9
Қазақстан тарихы	90,3	81	81,3
Дүниежүзі тарихы	91,6	81	-
Құқық	100	100	-
Физика	68	96	67,4
Химия	84	80	81,9
Биология	81,3	80	76,3
География	68	70	68
Жаратылыстану	76,4	70	70
Шетел тілі	72	66	71,3
Информатика	95,2	95	88,8
Дүниетану	81,3	73	-

Ескерту: 2024-2025 оқу жылының I тоқсан бойынша аптасына 1 рет болатын дүние жүзі тарихы, құқық негіздері, дүниетану пәндері қорытылмады. Тек, I жартыжылдық бойынша қорытылатын болады.

Пәндер бойынша білім сапасының стандарт талаптарына сай болуы басты назарда . Пән мұғалімдерінің оқу тоқсандары барысында білім алушының біліміне сараптама жасай алу, дер кезінде түзету жұмыстарын жүргізе алу машықтары тұрақты. Пән мұғалімдерінің білім алушылармен бекітілген қосымша сабақтарды және жекелей жұмыстарды жүргізу өз нәтижесін берді деуге болады. Мектеп басшыларының сабақтарға қатысу және оны өзіндік талдау, аралық нәтижелерді саралау, берілген ұсыныстар бойынша жұмыстар жасау, тәлімгерлік жұмыс, тізбектелген сабақ және сабақты зерттеу тобының жұмыстары, әр түрлі тақырыптағы әдістемелік ашық сабақтар арқылы сабақ сапасын арттыру, сол сабақ арқылы білім сапасын көтеру жұмыстары оң нәтижесін беруде

Бастауыш сыныптар бойынша:

<b>2022-2023 оқу жылы</b>							
сынып	қазақ тілі	Әдебиеттік оқу	орыс тілі	Математика	Жаратылыс тану	Дүние тану	Шетел тілі
2	70	80	90	80	70	80	70
3	71,4	100	64,3	78,6	100	93	64,3

4	71	71	71	57	71	71	71
жалпы	70,8	83,6	75,1	71,8	80	81,3	68,4

<b>2023-2024 оқу жылы</b>							
сынып	қазақ тілі	Әдебиеттік оқу	орыс тілі	Математика	Жаратылыс тану	Дүние тану	Шетел тілі
2	57	71	71	57	57	57	-
3	78	78	89	89	78	78	78
4	67	92	75	75	92	83	58
жалпы	67,3	80,3	78,3	73,6	75,6	72,6	68

2024-2025 оқу жылы I тоқсан							
сынып	қазақ тілі	Әдебиеттік оқу	орыс тілі	Математика	Жаратылыс тану	Дүние тану	Шетел тілі
2	50	66,7	66,7	50	-	-	-
3	69,2	78,5	64,3	71,4	-	-	78,6
4	75	75	87,5	75	87,5	-	75
Жалпы	64,7	73,4	72,8	65,4	87,5	-	76,8

### 2022-2025 оқу жылындағы 5-9 сыныптардың пән бойынша сапа көрсеткіштер

Оқу жылы Пән % сапа	2022-2023	2023-2024	2024-2025 I тоқсан
Қазақ тілі	80,8	73,6	69,5
Қазақ әдебиеті	96	80,2	77,5
Орыс тілі және әдебиеті	73,4	66	69,2
Шетел тілі	75,2	67,6	72,1
Алгебра	71,4	62	62,2
Геометрия	73,6	62,3	59,7
Қазақстан тарихы	88,4	79	78,3
Дүниежүзі тарихы	90	79	-
Информатика	94,2	93,6	-
Жаратылыстану	70,5	61,5	61,3
Физика	68,3	93,3	65,2
Химия	86	75,6	74,9
Биология	86	75,6	76,4
География	68,3	75,6	70,8
Құқық негіздері	100	100	-
<b>Жалпы</b>	<b>81,74</b>	<b>76,3</b>	<b>69,7</b>

5-9-сынып оқушылары білім сапасы бойынша 2022-2023 оқу жылында (-12%)-ға дейін, төмендегені байқалады. Себебі, сыныптағы бала санының тұрақсыздығы. Көші-қон мәселесі әсер етуде.

**2022-2025 оқу жылындағы 10-11 - сыныптардың пән бойынша сапа көрсеткіштер**

Оқу жылы Пән % сапа	2022-2023	2023-2024	2024-2025 I тоқсан
Қазақ әдебиеті	100	100	94,4
Орыс тілі және әдебиеті	67	62,5	65,2
Шетел тілі	67	62,5	63,8
Алгебра	67	56,5	52,7
Геометрия	67	50	52,7
Қазақстан тарихы	100	87,5	88,8
Дүниежүзі тарихы	100	87,5	-
Информатика	100	100	88,8
Физика	67	100	70,8
Химия	78	87,5	88,8
Биология	67	87,5	76,3
География	67	62,5	63,8
Құқық негіздері	100	100	-
<b>Жалпы</b>	<b>80,1</b>	<b>79</b>	<b>73,3</b>

2022-2023 оқу жылында 10-11-сынып оқушылары білім сапасы бойынша 80,1% көрсеткіш көрсетіп, 5-9 сыныптардың сапасы +1,64%-ға артқан. 2023-2024 оқу жылының 5-9 сыныптарда 76,5%- көрсеткіш көрсетіп, 10-11 сыныптарда 79% яғни, +2,5%-ға артқан. 2024-2025 оқу жылының I тоқсанында 10-11 сыныптарда -5,7% -ға дейін төмендеп кетуі сыныптардың әр оқу жылындағы оқу сапасының тұрақсыздығы байқалуы- пән мұғалімдерінің өз пәнінің сапасын бағамдау, білім алушылармен саралау тәсілдері арқылы жұмысты ұйымдастыру, сыни ойлау дағдыларын, зияткерлігін анықтаудағы дағдыларын дамыту, білімдерін жетілдіру, білім ресурстарын сабақта кеңінен ендірудің дамытылуы әлі де жеткіліксіз екендігінен туындауда. Жыл соңына дейін сапаны қосымша жұмыстар жасау арқылы 10% -ға көтеру белгіленді.

2022-2023 оқу жылы				2023-2024 оқу жылы				2024-2025 оқу жылы			
Сыныптар	саны			Сыныптар	саны			Сыныптар	саны		
	Озаты	Екпінді	Жылдық		Озаты	Екпінді	Жылдық		Озаты	Екпінді	I тоқсан
2	2	5	70	2	4	4	57	2	1	2	50
3	3	4	64,3	3	2	5	78	3	3	5	71,4
4	-	4	57	4	3	4	58	4	2	4	75
<b>1-4</b>	<b>5</b>	<b>13</b>	<b>63,7</b>	<b>1-4</b>	<b>9</b>	<b>13</b>	<b>64,3</b>	<b>1-4</b>	<b>6</b>	<b>11</b>	<b>65,5</b>
5	2	3	63	5	-	3	60	5	1	5	63,6
6	-	7	78	6	2	3	63	6	-	2	50
7	-	4	63	7	-	3	67	7	2	3	62,5

8	1	6	58	8	-	3	60	8	-	4	66,6
9	-	4	67	9	1	5	60	9	-	3	50
<b>5-9</b>	<b>3</b>	<b>24</b>	<b>65,8</b>	<b>5-9</b>	<b>3</b>	<b>17</b>	<b>62</b>	<b>5-9</b>	<b>3</b>	<b>17</b>	<b>58,5</b>
10	3	2	67	10	-	2	50	10	1	4	55,5
11	-	-	-	11	3	1	50	11	-	2	50
<b>10-11</b>	<b>3</b>	<b>2</b>	<b>67</b>	<b>10-11</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>50</b>	<b>10-11</b>	<b>1</b>	<b>6</b>	<b>52,7</b>

Бағаланатын кезеңде танымдық белсенділіктің және бағдарламалық материалды игерудің ең төмен деңгейі 4, 8 сыныпта 2022-2023 оқу жылында 4-сыныпта 57%, 8-сыныпта 58% көрсеткіш көрсеткені байқалады. 2023-2024 оқу жылында 10-11 сыныптар 50% көрсетіп, ал, 2022-2023 оқу жылында 11 сынып болмады. 2024-2025 оқу жылында 2,6,9,11 сыныптарда сапа 50% көрсеткіш көрсетті. Себебі, сыныптағы білім алушылардың санына да байланысты. Жекелеген сыныптарда тоқсандық, жылдық нәтижелер бойынша оқу жетістіктерінің тұрақты емес деңгейін көрсететін білім алушылар да бар. Пән мұғалімдері сабақ тақырыптары ұсынылған жоспар құрастырды, оның барысында алдыңғы сыныпта оқытылған оқу материалдарын қайталауды және бекітуді ұйымдастырады. Білім алушылар үшін оқытудың күрделі тақырыптары/мақсаттары бойынша жеке және топтық қосымша сабақ өткізіледі. Білім кемшіліктерін толықтыру жөніндегі жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі.

Мектепте білім алушылардың білім сапасының артуы яғни, 2022-2023 оқу жылында 63,7%, 2023-2024 оқу жылында 64,3%, 2024-2025 оқу жылының I тоқсанында 65,5% көрсеткіш көрсетіп отыр. Соңғы 3 жылда сапаның +1,8% артуы бастауыш сынып мұғалімдерінің білім алушылармен жүйелі жұмыс жасап, бақылау мен бағамдауды дұрыс жүргізуінен, ата-анамен бірлескен орта қалыптастыруынан.

#### **2022-2025 оқу жылдарындағы салыстырмалы оқу қорытындылары:**

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы I тоқсан	Динамика
Сапасы	60,2 %	59,26%	57,9%	-2,3
Озаттар	11	15	10	-5
Екпінділер	39	23	34	-5

Салыстырмалы талдау негізінде мынадай қорытындылар жасауға болады: Талданатын кезең ішінде білім сапасының серпінін талдау жалпы мектеп бойынша білім сапасы деңгейінің тұрақсыздығын көрсетеді. 2022-2023 оқу жылында 39 оқушы «өте жақсы» және «жақсы» білім беру бағдарламаларын толық көлемде меңгерсе, 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша - 23 оқушы меңгерген. О қ у ж ы л д а р ы н д а ғ ы «өте жақсы» оқитын білім алушылардың саны – 4 білім алушыға артып, «жақсы» оқитын білім алушылардың саны- 16 білім алушыға азайған. Себебі, көші-қон мәселесі, сыныптағы бала санының азаюы. 2 0 2 4 - 2 0 2 5 о қ у ж ы л ы н ы ң I т о қ с а н ы б о й ы н ш а «өте жақсы» оқитын білім алушылардың саны – 5 білім алушыға кеміп, «жақсы» оқитын білім алушылардың саны- 11 білім



алушыға артадан . 2022-2023 оқу жылы – 60,2%, 2022-2023 оқу жылы- 59,26%, 2024-2025 оқу жылының I тоқсаны – 57,9%. Мектептегі оқу үдерісінің сапасы соңғы үш жылда 2,3 %-ға кеміді. Оқушыларға үнемі бақылау жасай отырып, өз бетінше қажетті ақпаратты тауып, өзінің ойлау үдерісіне талдау жасайтын, кері байланыс бере білу қасиеттерін дамытуға жұмыс жасау болып табылады. Пән мұғалімдерінің әр оқушыға жанашырлықпен қарап, жеке –дара жұмыс жасамау салдарынан жекелеген пәндерден оқушы білімінде кері кетушіліктің байқалуда. Пәндер бойынша стандарт талаптарын орындау, нәтижеге қол жеткізу үшін олқылықтардың алдын алуда әр сабақтан соң, кері байланыс арқылы тапсырма беру, нені жөндеу керектігін айту арқылы және жиынтық бағалауға дайындалу кезінде оқушының деңгейін ескеріп тапсырма әзірлеу қажет.

## **7.2. Білім алушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативтік және жиынтық бағалау талаптарын сақтау туралы**

Білім беру процесіне жаңартылған білім беру мазмұнын енгізумен білім алушылардың білімін бағалау «Білім алушыларды бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен БЖБ және ТЖБ жиынтық жұмыстарының саны үлгілік оқу бағдарламалары, нұсқаулық-әдістемелік хат ұсынымдарының талаптарымен айқындалған.

2022-2024 оқу жылдарында критериалды бағалау жүйесі 2-11-сыныптарда жүзеге асырылды. Критериалды бағалау білім алушылардың өз оқу іс-әрекетін бақылауға және кең ауқымдағы дағдыларды қалыптастыру бойынша оқыту процесінде туындайтын қиындықтардың себептерін белгілеуге және жоюға мүмкіндік береді. Әрбір сабақта білім алушыларды уақытылы қолдау, оқудағы ілгерілеу мақсатында бағалау элементтерін пайдалану, ата-аналарды оқыту нәтижелері бойынша хабардар ету ұсынылады. Бағалау балаларды оқуға ынталандыруға, білімдегі олқылықтарды анықтауға және олардың оқу жетістіктерін көрсетуге бағытталған.

Критериалды бағалау білім алушылардың дағысының даму деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір сабақ оқу мақсатын және оларға қол жеткізу критерийлерін айтып/көрсетуден басталады. Білім алушы қойылған оқу мақсатын ұғынуы керек және оған қалай жетуге болатынын түсінуі керектігі пән мұғалімдерін талап етіледі.

1-сыныпта бағалау жүргізілмейді.

Формативті бағалау үшін ең жоғары балл 2-11-сыныптарда 10 балдан аспауы тиіс.

Мұғалім оқу бағдарламасына сәйкес, әр оқу тоқсанда өткен оқу материалының мазмұны бойынша жиынтық жұмыстардың (бұдан әрі – БЖБ, ТЖБ) тапсырмаларын әзірлейді.

Мұғалім БЖБ және ТЖБ тапсырмаларының техникалық спецификациясы негізінде 2-11-сыныптарға арналған жиынтық жұмыс тапсырмаларын құрастырады. БЖБ және ТЖБ мақсатына сай мүмкіндігінше шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, практикалық тапсырмалар, жобалар, эссе беру ұсынылады.

ҚР БҒМ №125 бұйрығына сәйкес өлшенетін өлшемдерді баллмен есептеуді сақтайды (БЖБ үшін тах балл 1-4-сыныптарда 7-ден кем емес және 15-тен артық емес, 5-11(12) сыныптарда 7-ден кем емес және 20-дан артық емес). қорытынды белгілерді қою үшін жиынтық және қалыптастырушы бағалау жүргізу алгоритмі сақталады. Қалыптастырушы бағалау нәтижелері күн сайын электрондық журналға қойылады. Мұғалім күн сайын білім алушылардың оқу жетістіктерінің прогресін журналда дифференциацияға сәйкес балл түрінде тіркейді: қалыптастырушы бағалау үшін ең жоғары балл 2-11 сыныптарда 10 баллдан аспайды, бұл ретте 1-3 балл төменгі деңгей критерийлеріне, 4-7 балл - орта деңгейге, 8-10 балл - жоғары деңгейге сәйкес келеді. Тоқсан үшін баға қою кезінде қалыптастырушы бағалаудың орташа балы есепке алынады, ол журналдың жеке бағанына қойылады. Тоқсандық бағалау ТЖБ (тоқсан үшін жиынтық бағалау) бағасынан 50%, 25% - БЖБ (бөлім үшін жиынтық бағалау) және 25% - ағымдағы сабақтар үшін қалыптастырушы бағалаудан қалыптастырылады. Әрбір білім алушының қалыптастырушы бағаларының жиілігі мен санын мұғалім өзі анықтайды.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың уақытылы орындалысын мектеп әкімшілігі бақылап отырады. Ескертулерді электрондық журналда кемшіліктерді жою мерзімдерімен ескертулер жазылады. Ескертулердің орындалысы мектепшілік бақылауда жарияланып, кемшіліктер бойынша түзету жұмыстары жүріп, сараланады. "Bilimal" электрондық мектепті басқарудың автоматтандырылған жүйесі арқылы электрондық сынып журналдарын талдау нәтижелері білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау сыныптарда формативті және жиынтық бағалау түрінде жүзеге асырылатынын көрсетті. Оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын бақылау нысандары мен оқу бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілетін сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін білім берудің тиісті мақсаттарымен және мазмұнымен салыстыру арқылы әр тақырыптық бөлім бойынша бағалаулар жүргізілген және оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындылары шығарылған. Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 41, 42, 43- тармағы, 3-қосымшасының 58,59- тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті

стандарты), 4-қосымшасының 52,53- тармақтары (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптары орындалған.

### Мектепшілік бақылау жоспары

<https://cloud.mail.ru/public/d68u/cavXMcvxh>

#### **7.1.4, 9-сынып білім алушыларының білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген оқытудың күтілетін нәтижелерін анықтау және білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқу нәтижелерін бағалау қорытындысы:**

Бітіру сыныптардың тестілеу нәтижелері:

<https://cloud.mail.ru/public/JiQL/Ka1guoYRY>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 27.12.2022 жылғы № 12 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» бұйрығының 15-тармағына сәйкес компьютерлік тестілеуге Департаменттің маманы байқаушы ретінде қатысты және өткізілген компьютерлік тестілеудің бейнежазбасы жүргізілді. Ұсынылған бейнежазбаға сәйкес компьютерлік тестілеу ашық және объективті түрде өтті.

Мектептің 4-ші сынып білім алушыларынан математика, қазақ тілі, 9-ыншы сынып білім алушыларынан қазақ тілі, математика, қазақ әдебиеті, химия пәндерінен алынған тестілеу нәтижелері:

Ұлттық тестілеу орталығы дайындаған бақылау үзіктері алынды.

МЖМБС бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша білім алушылардың даярлық деңгейінің сәйкестігін айқындау үшін өткізілген 4, 9-сыныптардың білім алушыларының компьютерлік тестілеуі 1 күнде 1,2 ағымнан өткізілді. Барлығы 4, 9 сыныптардың 14 білім алушысы қатысты, бұл 100 % -ды құрады.

- 4 класс- 100%
- 9 класс- 100%

Бітіруші сыныптарды тестілеу нәтижелері (кесінділер)

сыныбы	Барлық оқушы саны	тестілеуге қатысқаны	қатысушы үлесі %	"2" бағаның саны 40%-дан төмен	"3" бағаның саны 40-64%	"4" бағаның саны 65-84%	"5" бағаның саны 85-100%	Оң нәтиже %
4	8	8	100	2	5	1	0	75%
9	6	6	100	1	5	0	0	83,3%

Оң бағалардың жалпы саны –11

Оң бағалардың үлесі - 78,5 %, құрайды

Орташа балл : 4-сынып бойынша – 16      9-сынып бойынша –31

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 05.12.2022 жылғы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» 2-тарау 4-тармағының 4-тармақшасы (компьютерлік тестілеу контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың төменінде 100 %-ы қатысқан кезде жүргізіледі және 9)тармақшасы (контингенттің тізімдік құрамынан кемінде 40 %-дан кем емес білім алушылардың «қанағаттанарлық» деген бағадан төмен емес дұрыс жауап бергені айқындалған жағдайда МЖМБС талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі) негізінде білім алушылардың білімі мен іскерлігін бағалаудың нәтижелері бойынша:

- 4- сыныптар контингентінің тізімдік құрамының 100%-ы қатысып, білім алушылардың 75 %-ы оң баға алды, бұл мүмкін болатын нормаға сай келеді.
- 9 -сыныптар контингентінің тізімдік құрамының 100%-ы қатысып, білім алушылардың 83,3 %-ы оң баға алды, бұл мүмкін болатын нормаға сай.

Осылайша, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын «Қоянды ауылының №35 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 40- тармақтары (Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 3-қосымшасының 58-59 тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 03.04.2013 жылғы № 115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларының» талаптарына сәйкес

## **БӨЛІМ-8. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ САУАЛНАМАСЫ**

**Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижесін талдау**

Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	Білім ұйымындағы 4-сынып білімалушылары 100% қатысты. 9-сыныптардан барлығы 100% білімалушы қатысты. Білім-алушылар білім беру қызметтерінің деңгейіне 66,7% толық қанағаттанады, 33,3 % қанағаттанады. Сонда 100% қанағаттанатынын көрсетті.
Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	Педагогтардың сауалнамасы толық келісемін, 85,8% ы , келісемін – 14,2% көрсеткіш көрсетті. Жалпы педагогтардың сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне 100% қанағаттанатынын көрсетті.
Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау.	Білім ұйымындағы 4, 9- сынып білімалушыларының ата-аналары 100% сауалнамаға қатысты. Толық келісемін - 41,7 % -ы, келісемін – 33,3 % -ы білімалушылардың дайындық деңгейіне толық 100% қанағаттанады.

## БӨЛІМ-9. КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР, ОЛАРДЫҢ ШЕШІЛУ ЖОЛДАРЫ

Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір рет көтермеген мұғалімнің болуы- педагогтардың бес жылда бір рет біліктілік санатын көтеруге, мерзімінен бұрын санатын көтеруге бағытталған жұмыстардың жеткіліксіздігі	Біліктілік санатын көтерудің перспективті жоспарына сәйкесті педагогтердің қызмет нәтижелеріне талдау –жинақтау дағдыларын дамыту жұмыстарын жүргізу, мектепішілік әдістемелік жұмысты жүйелеу. Педагогикалық қолдау
Педагогтердің нормативтік құжаттармен жұмыс жасау дағдыларының жеткіліксіздігі	Педагогтердің нормативтік құжаттармен жұмыс дағдыларын дамытуда семинар, шеберлік сағаттарын жоспарлау.
Педагогтердің талдаушылық, жинақтаушылық құзіреттілігінің аздығы	Шеберлік сабақтары, коучинг, тәлімгерлік жұмыс, командалық жұмыс сапасына мектепішілік бақылауды жүйеге келтіру.
Білімал электронды журналдарының толыққанды талапқа сай жүргізу құзіреттілігінің төмендігі, жауапты тұлғаның лауазымдық міндеттерін орындаушылық құзіреттілігінің төмендігі	Ақпараттық сауаттылық, өзара көмек мақсатында тәлімгерлік жұмыстар белгілеу. Жүйеге жауапты тұлғаның лауазымдық міндетін орындау жауапкершілігін талап ету. Шаралар көру.
Білімалушылар білімін бағалау бойынша бағаның күнделікті қойылмауы, БЖБ, ТЖБ санының талапқа сәйкес болмауы	Мектепішілік бақылауды талапқа сәйкестендіру.
Бірлестік мүшелерінің жүйелі жұмыс атқармауы	Әдістеме игеру, тиісті мамандардан көмек алу, курстан өту, семинарларға қатысу.

## 10 - БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

1. Комиссия жұмысының қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер бойынша сараптама жүргізіп, себептерін айқындау арқылы алдыңғы оқу жылдарында кемшіліктерге жол бермеу;
2. Педагог кадрлардың уақытылы кезекті және мерзімінен бұрын біліктілік санатын көтеріп отыруға бағытталған жұмыстарды игеру;
3. Мектептің материалдық техникалық базасының талапқа сай болуына бағытталған жұмыстарды жандандыру;
4. Әрбір оқу жылында мектептің жұмысына өзіндік бағалау жүргізу, бағалау қорытындысын мектептің сайтына жүктеп отыру;

5. Білім алушылардың білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейіне сай болуына бағытталған жұмыстарға мектепшілік бақылауды күшейту;

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейі бойынша  
бағалау парағы**

<b>р/с №</b>	<b>Бағалау өлшемшарттары</b>	<b>Білім беру ұйымының тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны</b>	<b>Балл</b>
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	Тиісті педагогикалық білімі бар 27 педагог. Арнаулы орта - 5 педагог, жоғары білімді – 21 педагог. Кәсіптік білімі бар педагогтардың үлесі - 100%	<b>5</b>
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей ) үлесі	Педагогтің 14-і уақытылы біліктілік санатының деңгейін арттырған, растаған. Педагогтардың үлесі – 51,8%-ды құрайды. 5 жылдан артық еңбек өтілі бар Ж.С.Ақбаева, А.Ж.Исабаев,, А.С.Набиянов., М.Г.Мизамбаев 2-рет тестілеуге барып, шекті балл жинай алмады. Лауазымдық қызметтегі еңбек өтілдері жеткіліксіз. Мектеп директоры Г.М.Ивакинаның еңбек өтілі – 2 жыл, 8 ай. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.М.Ошакбаеваның еңбек өтілі – 1 жыл, 2 ай. Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Р.М.Исаинованың еңбек өтілі – 1 жыл.	<b>2</b>
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	Біліктілік артыру курсынан 100% өтті.Мектеп директоры Г.М.Ивакина -2024 жылы, Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.М.Ошакбаева – 2023 жылы, Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Р.М.Исаинова -2024 жылы біліктілік арттыру курсынан өткен.	<b>5</b>



